

Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді дайындау және тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша ашық немесе жабық конкурсқа қатысу үшін ықтимал өнім берушілерге беретін үлгі конкурстық құжаттаманы бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 31 қазандағы N 8 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 14 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2041. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі N 179 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі N 179 бұйрығымен.*

*Үзінді:*

*"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңның 27-бабы 1-тармағына с ә й к е с*

*Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :*

*1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*

*2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік активтерді басқару әдіснамасы департаменті (Ж.Н. Айтжанова) бір апта мерзімде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне және ресми баспа басылымдарына Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп тану туралы хабарласын.*

*3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.*

*Министр* *Б. Жәмішев*

*Қ а з а қ с т а н*

*Р е с п у б л и к а с ы*

*Қ а р ж ы*

*м и н и с т р і н і ң*

*2 0 0 8*

*ж ы л ғ ы*

*1 5*

*с ә у і р д е г і*

*N 179 бұйрығына қосымша*

*Қазақстан Республикасының күшін жойған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

<i>1 .</i>	<i>. . . . .</i>	<i>.</i>
<i>2 .</i>	<i>. . . . .</i>	<i>.</i>
<i>3 .</i>	<i>. . . . .</i>	<i>.</i>
<i>4 .</i>	<i>. . . . .</i>	<i>.</i>
<i>5 .</i>	<i>. . . . .</i>	<i>.</i>

6 .	.....	.
7 .	.....	.
8 .	.....	.
9 .	.....	.
1 0 .	.....	.
1 1 .	.....	.
1 2 .	.....	.
1 3 .	.....	.
1 4 .	.....	.
1 5 .	.....	.
1 6 .	.....	.
1 7 .	.....	.
1 8 .	.....	.
1 9 .	.....	.

20. "Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді дайындау және тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша ашық немесе жабық конкурсқа қатысу үшін ықтимал өнім берушілерге беретін үлгі конкурстық құжаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 31 қазандағы N 8 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2041 болып тіркелді,»"Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзгеде мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде" жарияланды, 2003 ж., N 4, 785-құжат).

2 1 .	.....	.
2 2 .	.....	.
2 3 .	.....	.
2 4 .	.....	.
2 5 .	.....	.
2 6 .	.....	.
2 7 .	.....	.
2 8 .	.....	"

---

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы N 321 Заңы 12-бабының 8-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді дайындау және тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша ашық немесе жабық конкурсқа қатысу үшін ықтимал өнім берушілерге беретін үлгі конкурстық құжаттама бекітілсін.

2. Заң бөлімі (Н.Нұрахметов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының

Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің "Конкурстық өтінімдерді дайындау және тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алу жөніндегі ашық немесе жабық конкурс өткізу бойынша ықтимал өнім берушілер үшін үлгілік нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 24 ақпандағы N 22 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрық оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары Ғ. Мусинге жүктелсін.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі  
агенттігі Төрағасының  
2002 жылғы 31 қазандағы  
N 8 бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

(Конкурсты ұйымдастырушының  
лауазымды тұлғасы туралы  
мәліметтер:

конкурсты ұйымдастырушының  
немесе оны алмастыратын  
тұлғаның аты - жөні, тегі,  
лауазымы)

"Бекітемін"

\_\_\_\_\_ ж. "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_  
шешімі

**Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді дайындау және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша ашық немесе жабық конкурсқа қатысу үшін ықтимал өнім берушілерге беретін**

**ҮЛГІ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА**  
(конкурстың атауы көрсетіледі)

Конкурсты ұйымдастырушыға арналған мәліметтер:

Осы Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді дайындау және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша ашық немесе жабық конкурсқа қатысу үшін ықтимал өнім берушілерге беретін үлгі конкурстық құжаттама (бұдан әрі - Конкурстық құжаттама) "

Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қазандағы N 1158 қаулысымен бекітілген Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу туралы ережеге (бұдан әрі - Ереже) сәйкес әзірленген.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мемлекеттік мекеменің бюджеттік бағдарламаларының (қаржыландыру жоспарларының) және мемлекеттік кәсіпорынның, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамның және онымен қосылма заңды тұлғаның шығыстар сметасының шегінде жүзеге асырылады.

Конкурсты ұйымдастырушы осы Конкурстық құжаттаманы пайдалана отырып, ықтимал өнім берушінің конкурсқа қатысуы үшін, қажет болған жағдайда Ережеде көрсетілген салалық ерекшеліктерді ескере отырып, толық ақпаратты қамтитын, өзі өткізетін әрбір конкурсқа конкурстық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

Конкурсты ұйымдастырушы ықтимал өнім берушіге ұсынатын конкурстық құжаттама Заңда және Ережеде белгіленген талаптарға сай келуі тиіс.

Осы Конкурстық құжаттамада көлбеу сызықпен бөлініп жазылған түсіндірулерді конкурсты ұйымдастырушы конкурстың, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түріне және конкурсты өткізудің басқа да шарттарына қарай толтыруы тиіс.

Конкурстық құжаттама топтамасы ықтимал өнім берушінің мекен-жайына жіберіледі немесе конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мекен-жайда және мерзімдерде ықтимал өнім берушілерге беріледі.

Конкурсты ұйымдастырушы ықтимал өнім берушілердің жазбаша сұрауы бойынша конкурстық құжаттаманы бекіту туралы конкурсты ұйымдастырушының басшысы немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімінің күні мен нөмірін көрсетіп, конкурстық құжаттаманы электрондық почта арқылы жіберуі мүмкін.

## **1-тарау. Кіріспе**

### **1. Конкурстың нысанасы**

1. (Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) атауы көрсетіледі ) сатып алу жөнінде (ашық немесе жабық) конкурсты өткізу жөніндегі осы Конкурстық құжаттама ықтимал өнім берушілерге олардың конкурсқа қатысуының шарттары туралы толық ақпарат беру мақсатында әзірленген.

2. Конкурс \_\_\_\_\_ (ол үшін конкурс өткізілетін ведомствоның атауы көрсетіледі) үшін \_\_\_\_\_ (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің біртекті түрлерінің атаулары лоттар бойынша көрсетіледі) жеткізетін өнім берушілерді анықтау мақсатында өткізіледі. Сатып алынатын

тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің толық тізбесі осы Конкурстық құжаттамаға 1-қосымшада келтірілген.

3. \_\_\_\_\_ (конкурсты ұйымдастырушының толық атауы көрсетіледі) конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

## **2. Төлемнің базалық шарттары**

4. Төлемнің базалық шарттары: \_\_\_\_\_ (Тапсырыс берушіге қолайлы және мемлекеттік сатып алуды қаржыландыру жөніндегі заңнамада белгіленген төлемнің шарты (алдын ала төлем, ішінара төлемнің мөлшері немесе тауарды жеткізу (жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету) фактісі бойынша төлем) көрсетіледі және бұдан басқа, мемлекеттік мекемелер үшін - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бюджет қаражаттары лимитінің бөлінуіне қарай).

5. Ықтимал өнім беруші төлемнің балама шарттарын немесе басқа да шарттарды және оларға байланысты нақты баға шегерімін ұсына алады. Бұл жағдайда ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінде бағаның қандай шегерімін ұсына алатынын көрсетуі тиіс.

## **3. Ықтимал өнім берушілердің құқықтылығы және біліктілігі**

6. Конкурсқа қатысуға сапасы бойынша Техникалық маманданымдарда (осы Конкурстық құжаттамаға 2 немесе 3 қосымшалар) көрсетілген талаптарға сәйкес келетін (сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы көрсетіледі) өндірісімен және/немесе сатумен айналысатын/орындайтын/көрсететін (тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауы көрсетіледі) жеткізуге/орындауға/ көрсетуге кепілдік беретін ниет білдірген ықтимал өнім берушілер жіберіледі.

7. Конкурсқа қатысу үшін ықтимал өнім беруші "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңның (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 1-тармағында көрсетілген біліктілік талаптарға сәйкес болуы тиіс.

8. Ықтимал өнім беруші мен оның қосылма тұлғасының бір конкурсқа (лотқа) қатысуға құқығы жоқ.

9. Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер рыногындағы жұмыс тәжірибесі болуының қажеттігі туралы талаптар Заңның 27-бабына сәйкес қолдау жасалатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылмайды.

10. Ықтимал өнім беруші біліктілік талаптары бойынша толық емес немесе дұрыс емес ақпарат берген жағдайда, осындай факт анықталған кезден бастап бір жыл ішінде мемлекеттік сатып алу процесіне қатысуға жіберілмейді.

11. Конкурсты ұйымдастырушының ықтимал өнім берушіге Заңда көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеуге құқығы жоқ. Ықтимал өнім беруші өзіне қойылатын біліктілік талаптарына жатпайтын ақпаратты табыс етпеуге құқылы.

12. Конкурстық комиссияның отырыстарына ықтимал өнім берушінің ресми өкілі қатыса алады. Ықтимал өнім беруші өкілінің өкілеттері конкурстық өтінімдер салынған конверттер(-ді) ашылған кезде (ашу алдында) осы өкіл табыс ететін жазбаша сенімхат түрінде расталу тиіс.

*Ескерту: 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 80 бұйрығымен .*

## **2-тарау. Конкурстық құжаттама**

### **1. Конкурстық құжаттаманың мазмұны**

13. Конкурсты ұйымдастырушы ықтимал өнім берушілерге беретін конкурстық құжаттама мыналарды:

1) Заңның 12-бабы 1-тармағының 1), 6), 8)-21) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты;

2) осы Конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес жасалатын (тауарлардың санына немесе жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің көлемдеріне қатысты ақпарат, тауарды жеткізу, жұмысты орындау немесе қызметті көрсету орны, тауарды жеткізудің, жұмысты орындаудың немесе қызметті көрсетудің мерзімдері мен шарттары көрсетіледі), лоттардың (лоттар - біртекті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер Заңның 1-бабының 9) тармақшасына сәйкес анықталады) атауы мен саны көрсетілген сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің біртекті түрлерінің тізбесін. Заңның 12-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген соманы көрсетуге жол берілмейді;

3) Техникалық маманданымды (сатып алынатын тауарлардың, орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің толық сипаттамалары және қажетті маманданымдарды, жоспарларды, сызбаларды, нобайларды және халықаралық немесе ішкі стандарттарға сілтемелерді, ҚҚЖЕ қоса, негізгі (орнатылған) жабдықтарды толықтыру, жаңғырту және жете жарақтандыру үшін тауарларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда, сатып алынатын тауардың нақты (сауда) маркасын/атауын немесе патентін көрсетпей, талап етілетін техникалық және сапалық толық сипаттамалары. Техникалық маманданымдарды конкурсты ұйымдастырушы өзі еркін нысанда оның қажеттілігіне сәйкес әзірлейді, бұл ретте Техникалық маманданымдарда тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ескерілмеген және көрсетілмеген сипаттамаларын конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді

бағалап, салыстырған және конкурстың қорытындыларын шығарған кезде ескере а л м а й д ы ) ;

4) Конкурса қатысуға өтінім нысандарын ( Ережеге 4 және 5-қосымшалар );

5) жеңіп шыққан конкурстық өтінімді айқындау негізделетін бағадан басқа, барлық өлшемдердің сипаттамасы, соның ішінде мұндай әрбір өлшемдердің салыстырмалы мәні, конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстырудың тәсілінің сипаттамасы. Ықтимал өнім беруші орындауға жататын қажетті ілеспе қызметтер. Бұл ретте "Ілеспе қызметтер" ықтимал өнім беруші орындауға жататын тауарларды жеткізуді қамтамасыз ететін қызметтерді, мысалы, тасымалдау мен сақтандыру сияқты және кез келген басқа, көмекші қызметтерді, мысалы, құрастыру, іске қосу, техникалық көмек көрсету, оқыту және басқа да осындай қызмет түрлерін білдіреді;

6) ықтимал өнім берушінің Біліктілігі туралы мәліметтердің нысанын ( тауарларды/көрсетілетін қызметтерді сатып алған кезде осы Конкурстық құжаттамаға 4 немесе жұмыстарды сатып алған кезде 5-қосымшалар);

7) Бағалар кестесінің нысанын (Ережеге 6-қосымша );

8) Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің нысанын (Банк кепілдігі) ( Конкурстық құжаттамаға 6-қосымша);

9) Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің нысанын (Банк кепілдігі) (Ережеге 10-қосымша ) қамтиды (егер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделмесе, бұл тармақ алынып тасталу қ а ж е т ) ;

10) Мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шарт (тауарларды/көрсетілетін қызметтерді сатып алған кезде осы Конкурстық құжаттамаға 7 немесе жұмыстарды сатып алған кезде 8-қосымшалар, осы шарттың жобасын тапсырысшы тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктері мен айрықшылықтарын ескере отырып, әзірлейді).

14. Ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттама мен оның қосымшаларындағы барлық талаптарды, нысандарды, шарттар мен техникалық маманданымдарды зерделеп шығу тиіс. Ықтимал өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келмейтін конкурстық өтінімін ұсынуы ықтимал өнім берушіге қауіпті болып табылады және оның конкурстық өтінімін қабылдамауға мүмкіндік туғызады.

15. Жұмыстар сатылып алынған кезде ықтимал өнім беруші болашақта жұмыстар жүргізетін учаске (объекті) мен оған қосылатын аумаққа барып, көріп шығуға құқылы. Ықтимал өнім берушінің учаскені көріп шыққандағы өз бетімен алған ақпаратын конкурстық өтінімін дайындау үшін пайдалануы өзінің жауапкершілігінде. Учаскені көріп шығу үшін шыққан қаржыларды ықтимал



өнім беруші өз қаражатынан төлейді. Ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімін ұсынғаны, болашақ жұмыстардың тексеруден өткені мен сол шарттар онымен қабылданғанын көрсетеді.

16. Ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімін дайындау мен ұсынуға байланысты барлық шығындарды көтереді, ал конкурсты ұйымдастырушы мен конкурстық комиссия, конкурстың өтуіне немесе нәтижесіне қарамастан, бұл шығындар бойынша жауап тартпайды және міндеттелмейді.

17. Конкурстық құжаттама топтамасының құны \_\_\_\_\_ теңге.

Егер Конкурстық құжаттаманы беру үшін төлем алу көзделмесе, бұл тармақ мынадай редакцияда жазылуы тиіс: "Конкурстық құжаттама тегін беріледі".

Конкурстық құжаттаманы беру үшін төлем конкурсты ұйымдастырушының шотына (конкурсты ұйымдастырушы шотының нөмірі мен банктік деректемелері көрсетіледі) немесе бухгалтерияға енгізіледі.

Төлем туралы растау құжаты конкурсты ұйымдастырушыға конкурстық құжаттаманы алған кезде табыс етіледі.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер өндіретін ұйымдарға және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жеке тұлғаларға конкурстық құжаттама тегін беріледі.

## **2. Конкурстық құжаттаманы түсіндірулер**

18. Ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттама ережелеріне түсіндірме беру туралы сұрау салып жүгінуге құқылы, бірақ ол конкурстық өтінімді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірілмеуі керек. Конкурсты ұйымдастырушы сұрау салу тіркелген кезден бастап үш күн мерзім ішінде оған жауап қайтаруға және сұрау салудың кімнен түскенін көрсетпестен, конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы табыс еткен барлық ықтимал өнім берушіге осындай түсіндірмені хабарлауға міндетті.

19. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың ережелеріне түсіндірме беру үшін конкурстық құжаттамада көрсетілген белгілі бір орында және тиісті уақытта ықтимал өнім берушілермен кездесу өткізуге құқылы. Бұл орайда конкурсты ұйымдастырушы осы кездесу барысында табыс етілген конкурстық құжаттамаға түсіндірме беру туралы сауал салу көздері көрсетілмеген сауалдарды, сондай-ақ осы сауалдарға жауаптарды қамтитын хаттама жасайды. Хаттама конкурстық комиссияға және конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы табыс еткен барлық ықтимал өнім берушілерге дереу жіберіледі.

**3. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу**



20. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей өз бастамасымен немесе ықтимал өнім берушінің сауалына жауап ретінде хаттама ресімдеу арқылы конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізуге құқылы.

21. Енгізілген өзгерістердің міндетті күші болады және конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы берген барлық ықтимал өнім берушілерге олар туралы дереу хабарлайды. Бұл орайда конкурсты ұйымдастырушы ықтимал өнім берушілердің бұл өзгерістерді конкурстық өтінімдерде есепке алуы үшін конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімін кемінде күнтізбелік он күн мерзімге ұзартады.

### **3-тарау. Конкурстық құжаттаманың мазмұны**

22. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген ықтимал өнім беруші табыс ететін конкурстық өтінімде мыналарды:

1) конкурсқа қатысуға өтінімді;  
2) ықтимал өнім берушінің құқықтылығы мен біліктілігін растайтын құжаттарды;

3) ықтимал өнім беруші ұсынып отырған көрсетілетін ілеспе қызметтердің құнын қоса алғанда, жеткізілетін тауарлардың, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түпкі бағасын құрайтын, шегерім болған кезде, оның нақты мөлшері көрсетілген, барлық нақты шығындар қамтылған, бағалар кестесіне жинақталған бағаны;

4) тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сатып алуға жарамдығын растайтын құжаттар мен олардың конкурстық құжаттамаларға сәйкестігі;

5) техникалық маманданымдар;

6) ілеспе қызметтердің сипаттамасы;

7) конкурстық өтінімді қамтамасыз ету;

8) конкурстық өтінімге қол қоюға және конкурстық комиссияның отырыстарына қатысуға сенімхат болуы тиіс.

#### **1. Конкурсқа қатысуға өтінім нысаны**

23. Заңды тұлға болып табылатын ықтимал өнім беруші конкурсқа қатысу үшін өтінімді Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысанда ұсынады.

24. Іс-әрекетке қабілетті жеке тұлға болып табылатын ықтимал өнім беруші конкурсқа қатысу үшін өтінімді Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысанда ұсынады.

#### **2. Ықтимал өнім берушінің құқықтылығы мен біліктілігін растайтын құжаттар**

25. Заңды тұлға болып табылатын ықтимал өнім беруші мынадай құжаттарды (конкурсты ұйымдастырушы сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің түрлеріне, сондай-ақ басқа да жағдайларға қарай

конкурстық құжаттамада өткізілетін конкурстың мәні бойынша қажет болатын құжаттарды ғана табыс етуді көздейді):

1) ықтимал өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, беруге және сатуға, жұмыстар орындау мен қызметтер көрсетуге арналған құқығын растайтын лицензияларының және/немесе патенттерінің, куәліктерінің, сертификаттарының, дипломдарының, басқа да құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмесін;

2) егер сатып алатын жұмыстары мен көрсететін қызметтері лицензияланбайтын болған жағдайда, ықтимал өнім беруші орындайтын қызмет түрлерінің тізбесімен бірге заңды тұлға жарғысынан алынған үзінді көшірменің нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріне аударып отырып нотариалды куәландырылған сауда тізілімінен алынған заңдастырылған үзінді көшірмені (Қазақстан Республикасының резиденттері е м е с ү ш і н ) ;

Егер заңды тұлға қызметін заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген Үлгі жарғының негізінде жүзеге асырған жағдайда, мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің нотариалды куәландырылған көшірмесін;

3) бірінші басшы немесе оны алмастыратын тұлға, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) қол қойған соңғы қаржы жылғы бухгалтерлік теңгерімнің түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін. Егер конверттерді ашу ағымдағы жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде өткізілген жағдайда, онда соңғы қаржы жылы алдындағы қаржы жыл бойынша бухгалтерлік теңгерімінің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі табыс етіледі;

бухгалтерлік теңгерімнің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған к ө ш і р м е с і е г е р :

заңды тұлға ағымдағы қаржы жылы құрылған;

заңды тұлға өткен қаржы жылы құрылған және конверттерді ашу ағымдағы жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде өткізілген жағдайларда табыс етілмеуі мүмкін ;

4) конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің қарсаңында ықтимал өнім берушінің банктің (банктердің) алдында үш айдан асатын мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы бірінші басшының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолы қойылып, банктің мөрі басылған банктің (банктердің) анықтамасының түпнұсқасын. Егер ықтимал өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктердің немесе олардың филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болса, аталған анықтама осындай банктердің әрбірінен ұсынылады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалардың соңғы қаржы жылғы аудиторлық есебінің түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін. Егер

конверттерді ашу ағымдағы жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде өткізілген жағдайда, соңғы қаржы жылы алдындағы қаржы жыл бойынша аудиторлық есебінің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі табыс е т і л е д і ;

аудиторлық есептің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған кө ш і р м е с і е г е р :

заңды тұлға ағымдағы қаржы жылы құрылған; заңды тұлға өткен қаржы жылы құрылған және конверттерді ашу ағымдағы жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде өткізілген жағдайларда табыс етілмеуі м ү м к і н ;

б) Конкурстық құжаттамаға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлар өндіру және/немесе беру, қызметтер көрсету және жұмыстар орындау үшін мамандықтар бойынша біліктілігі, жұмыс стажы көрсетілген қызметкерлердің бар болуы және саны туралы құжаттың түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін;

7) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін;

8) статистикалық карточканың нотариалды куәландырылған көшірмесін;

9) құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметті қамтитын жарғыдан немесе құрылтай құжаттарынан нотариалды куәландырылған үзінді көшірме не конверттерді ашу күнінің алдындағы 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей берілген акция ұстаушылардың тізілімінен нотариалды куәландырылған үзінді көшірмені;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің қарсаңында үш айдан асатын салық берешегінің және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешектің жоқтығы немесе болуы туралы бірінші басшының немесе қол қоюға құқығы бар тұлғаның қолы қойылып, осы салық органының мөрі басылған тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасын;

Егер ықтимал өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылған және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген жағдайда, осы резидент еместің салық есебінде жоқ екендігі туралы Қазақстан Республикасы салық органының анықтамасының түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін;

11) Конкурстық құжаттамаға 4 немесе 5-қосымшаларға сәйкес нысанда мемлекеттік сатып алу процесіне қатысу үшін біліктілігі туралы мәліметтерді т а б ы с е т е д і .

Егер банктің және/немесе салық органының анықтамасына бірінші басшы

немесе оны алмастыратын тұлға емес қол қойған жағдайда, осы тұлғаға мұндай анықтамаларға қол қою құқығын беретін құжаттың көшірмесі табыс етіледі.

*Ескерту: 25-тармаққа өзгертулер мен толықтыру енгізілді - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 28 қарашадағы N 19 бұйрығымен , 2004 жылғы 23 шілдедегі N 80 бұйрығымен .*

26. Іс-әрекетке қабілетті Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын және жеке тұлға болып табылатын ықтимал өнім беруші мынадай құжаттарды:

1) жеке куәліктің/паспорттың немесе тұлғаны куәландыратын құжаттарды ауыстыруға қабылдау туралы ішкі істер органдары анықтамасының көшірмесін;

2) ықтимал өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және сатуға, жұмыстар орындау мен қызметтер көрсетуге құқығын растайтын лицензияларының және/немесе патенттердің, куәліктердің, дипломның, сертификаттың, басқа да құжаттарының (кәсіби біліктілігінің бар екендігін растау үшін) нотариалды куәландырылған көшірмелерін;

3) заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін, тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың (мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу үшін азаматтық құқық қабілеттіліктің болуын растау үшін) және ықтимал өнім берушінің ұсынылатын тауарға, көрсетілетін қызметтерге меншік құқығын немесе иелену құқығын растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері ;

4) осы Конкурстық құжаттамаға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысанда мемлекеттік сатып алу процесіне қатысу үшін біліктілігі туралы мәліметтерді табыс етеді ;

5) Конкурстық құжаттамаға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлар өндіру және/немесе беру, қызметтер көрсету және жұмыстар орындау үшін мамандықтар бойынша біліктілігі, жұмыс стажы көрсетілген қызметкерлердің болуы мен саны туралы құжаттың түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін. Көрсетілген қосымшада ықтимал өнім беруші осы конкурс (лот) бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажет деп есептейтін жұмысшылар көрсетіледі .

*Ескерту: 26-тармаққа өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 28 қарашадағы N 19 бұйрығымен , 2004 жылғы 23 шілдедегі N 80 бұйрығымен .*

26-1. Кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтын және конкурсқа қатысуға ниет білдірген, мәні ықтимал өнім берушіде бар тауарлар болып табылатын ықтимал өнім беруші - жеке тұлғаның конкурстық өтінімі мыналарды қамтуы тиіс:

1) жеке куәлігінің немесе паспортының көшірмесін немесе ішкі істер органдарының жеке басын куәландыратын құжаттарды алмастыруға қабылдағандығы туралы анықтамаларын;

2) әлеуметтік жеке кодты тағайындағандығы туралы куәліктің, Қазақстан Республикасының салық төлеушісі куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмелерін ;

3) ықтимал өнім берушінің ұсынылып отырған тауарға меншік құқығын немесе иелік ету құқығын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін ;

4) егер конкурсқа меншік иесінің өкілі қатысқан жағдайда, конкурстың мәні болып табылатын тауарды сату құқығына арналған сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі .

*Ескерту: 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 80 бұйрығымен .*

### **3. Конкурстық өтінімнің бағаларының кестесі**

27. Ықтимал өнім беруші Ережеге 6-шы қосымшаға нысан бойынша Бағалар кестесінде өзінің конкурстық өтініміне сәйкес жеткізуге /орындауға/ көрсетуге ұсынып отырған тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірлігінің бағасын және тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы бағасын көрсетеді.

28. Осы тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өз құнынан басқа, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мыналарды :

1) осы Конкурстық құжаттамаға 1-қосымшада айтылған жеткізу пунктіне дейін тасымалдау шығындарды ;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтарды, баждар мен басқа да міндетті төлемдер мен алымдарды;

3) ықтимал өнім беруші орындауға міндетті осы Конкурстық құжаттаманың 13-тармағы 5) тармақшасына сәйкес сақтандырудың, құрастырудың, пайдалануға берудің, техникалық көмек көрсетудің, мамандарды оқытудың және басқа осыған тектес көрсетілетін қызметтердің бағасын. (Егер ықтимал өнім берушінің ілеспе қызметтерді орындауы көзделмеген болса, бұл тармақ алынып тасталады);

4) жұмыстардың процесіне және аяқтау үшін қажетті жұмыс күшінің, материалдардың, инженерлік жабдықтардың, құралдардың, судың, жылудың, электр қуатының, көліктік шығындардың, құрылыс машиналары мен механизмдерінің және т.с. қызметтердің барлық құнын;

5) ықтимал өнім берушінің бағасының басқа да құрамдас бөліктерін және сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің ұсынып отырған бағасының негіздемесі туралы талаптарды қамтуы тиіс.

29. Егер ықтимал өнім беруші Бағалар кестесінде конкурстық өтінімі бағасының құрамдас бөліктерін көрсетпесе, конкурстық комиссия ұсынылған

бағаны барлық шығыстар есептеліп анықталған деп қарайды және ықтимал өнім беруші ұсынған баға қайта қарауға жатпайды.

30. Ықтимал өнім беруші ұсынып отырған бағалар мемлекеттік сатып алу жөніндегі шарттың орындалуының бүкіл мерзімі ішінде бекітілген қалпында қалуы және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерілуі жағдайларын қоспағанда, өзгермеуі тиіс.

31. Ықтимал өнім беруші сатып алынатын тауарлардың, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бағасы көрсетілген конкурстық өтінімнің бір бөлігін конкурстық өтінімдер салынған конверттерді тікелей ашу сәтінде табыс етуге құқылы. Конкурса (лотқа) ықтимал өнім беруші тек бір баға ұ с ы н а д ы .

*Ескерту: 31-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 80 бұйрығымен .*

#### **4. Конкурстық өтінім мен төлемнің валютасы**

32. Отандық ықтимал өнім берушілердің конкурстық өтінімдерінің бағалары т е ң г е д е к ө р с е т і л у і т и і с .

Шетелдік ықтимал өнім берушілердің конкурстық өтінімдерінің бағалары \_\_\_\_\_-нда (валюта көрсетіледі, мысалы, АҚШ долларында) көрсетілуі мүмкін.

33. Отандық ықтимал өнім берушілерге нақтылы төлем теңгеде (мемлекеттік мекемелер үшін "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің (қаржыландыру органдарының) бюджеттік қаражаттары лимитінің бөліну шамасымен" деп көрсетіледі) жүргізіледі.

Шетелдік ықтимал өнім берушілерге нақтылы төлем \_\_\_\_\_-нда (валюта көрсетіледі) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

#### **5. Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сатып алуға жарамдылығын және олардың конкурстық құжаттамаға сәйкестігін растайтын құжаттар**

34. Ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінің бөлігі ретінде тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сатып алуға жарамдылығын және олардың конкурстық құжаттамаға сәйкестігін растайтын м ы н а д а й құ ж а т т а р д ы :

1) осы Конкурстық құжаттамаға қоса берілген Техникалық маманданымға (2-қосымша) сәйкес келетін, жеткізілетін тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің т е х н и к а л ы қ м а м а н д а н ы м ы н ;

2) шыққан тегі сертификаттарының (импортталатын тауарлар үшін) нотариалды куәландырылған көшірмелері немесе ықтимал өнім берушінің берілетін тауардың/көрсетілетін қызметтің бірінші партиясымен куәліктерінің

және/немесе шыққан тегі сертификаттарының (импортталатын тауарлар үшін) нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынатындығы туралы кепіл хаты;

3) сәйкестік сертификаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері немесе ықтимал өнім берушінің берілетін тауардың/көрсетілетін қызметтің бірінші партиясымен куәліктерінің және/немесе сәйкестік сертификаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынатындығы туралы кепіл хаты.

*Ескерту: 34-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 80 бұйрығымен .*

35. Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттамаға сәйкестігін растайтын құжатты мәтін нысанында, сызба және мәліметтер түрінде ұсынуға болады және де ол:

1) тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің негізгі техникалық және эксплуатациялық сипаттамаларының егжей-тегжейлі сипаттамасын;

2) барлық ресурстар мен сенімді және үздіксіз жұмыс істеуге қажетті қосалқы бөлшектердің, арнайы құралдардың және т.б. қолданыстағы бағаларын;

3) тауарлардың, қызметтердің техникалық маманданымдарға жеткілікті сәйкестігін көрсететін түсініктемелерді немесе конкурсты ұйымдастырушы ұсынған Техникалық маманданымда белгіленген талаптардан ауытқулар мен айрықшылықтарды көрсететін құжатты қамтиды. Егер конкурстық құжаттамадағыдан жақсырақ функционалдық және басқа да сипаттамалары бар тауарлар мен көрсетілетін қызметтер ұсынылса, ықтимал өнім берушінің техникалық маманданымы конкурстық құжаттаманың техникалық маманданымына сәйкес келмеуіне жол беріледі.

*Ескерту: 35-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 80 бұйрығымен .*

36. Жұмыстардың сатып алуға жарамдылығын және олардың конкурстық құжаттамаға сәйкестігін растайтын құжаттар:

1) орындалуға ұсынылып отырған жұмыстардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданатын стандарттарға сай келуге міндетті материалдарының, технологиялық шешімдерінің, инженерлік қамтамасыз етудің, құрылысты ұйымдастырудың сипаттауын, құнының есебін, техникалық-экономикалық бөлімді, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуді қамтитын техникалық маманданымы. Конкурстық құжаттамада көзделгендегіден жақсырақ технологиялық шешімдер және/немесе жақсырақ материалдардан жұмыстарды орындау ұсынылып отырған жағдайларды қоспағанда, ықтимал өнім беруші табыс етіп отырған техникалық маманданым конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттамасының техникалық маманданымына сәйкес келуі тиіс;

2) конкурсты ұйымдастырушы орындауға талап етілетін жұмыстардың сипаттамасына байланысты осы тармақты түзете алады немесе ықтимал өнім



беруші конкурсқа қатысу үшін ұсынатын басқа да құжаттарды осы тармақшада  
к ө р с е т е а л а д ы .

*Ескерту: 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 80 бұйрығымен .*

#### **6. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету**

37. Ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді (конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің түрі көрсетіледі: ақшадай қаражаттар және/немесе банк кепілдігі) түрінде, ықтимал өнім беруші тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді ұсынып отырған жеткізудің жалпы сомасынан 3 % аспаған мөлшерде (ықтимал өнім беруші мұндай қамтамасыз етуді өзінің конкурстық өтінімін ұсынып отырған лоттар (лот) бойынша енгізеді деп көрсетіледі, бұл ретте осы Конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаға сәйкес дайындалатын банк кепілдігі бір құжатпен ұсынылуы мүмкін және бұл қамтамасыз ету барлық лоттардың қамтамасыз етілу мөлшерінің сомасымен көрсетіледі) және конкурстық өтінімнің өзінің қолданылу мерзімінен кем емес қолданылу мерзімімен енгізеді (конкурстық өтінімді қамтамасыз ету банкте орналастырылатын ақша кепілі түрінде ғана көзделсе, көрсетілген қосымша а л ы н ы п т а с т а л а д ы ) .

Ықтимал өнім берушілер, егер:

1) олар шағын кәсіпкерлік субъектілері және (немесе) тауарлар өндіретін, жұмыстар орындап, қызметтер көрсететін, Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын ұйымдар болса және олар ұсынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі құн түрінде тиісті қаржы жылына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты мың еселенген мөлшерінен а с п а й т ы н ж а ғ д а й д а ғ а н а ;

2) мемлекеттік сатып алу нысанасы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер, талдамалар жүргізу болса;

3) олар екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурстың бірінші кезеңіне қатысса, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізбейді.

38. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді банкте орналастырылатын ақша кепілдігі түрінде енгізу конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін шотқа: (конкурсты ұйымдастырушы шотының нөмірі мен банктік деректемелері көрсетіледі) қолма қол ақшасыз есеп арқылы (аудару арқылы) және қолма қол ақшаны енгізу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Банк кепілдігі түріндегі конкурстық өтінімді қамтамасыз ету осы Конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаға сәйкес нысанда ресімделеді.

*Ескерту: 38-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 80 бұйрығымен .*

39. Ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінің бөлігі ретінде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізгенін растайтын банктік кепілдік, төлем тапсырмасы, егер ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қолма-қол ақшамен енгізсе, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжат) немесе банк кепілдігінің түпнұсқасын конкурстық өтінімімен бірге ұсынады. Конкурстық өтінімдері қамтамасыз етілмеген барлық конкурстық өтінімдерді, Ереженің 19-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурстық комиссия, конкурстық құжаттама талаптарына сай келмегендігінен, қ а б ы л д а м а й д ы .

Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету Заңның 14-бабының 6-тармағында айтылған жағдайларда және мерзімдерде қайтарылып беріледі.

*Ескерту: 39-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 80 бұйрығымен .*

40. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету Заңның 14-бабының 5-тармағында айтылған жағдайларда қайтарылып берілмейді.

#### **7. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі**

41. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі \_\_\_\_\_ күн болып белгіленеді ( конкурсты ұйымдастырушы күннің санын көрсетеді, бірақ конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік мекеме болып табылған жағдайда - конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашқан күннен бастап 45 күннен кем емес және конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік кәсіпорын, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың және онымен қосылма заңды тұлға болып табылған жағдайда - 35 күннен кем емес;

екі кезеңді конкурс өткізілген кезде осы күндер тиісінше 75 және 65 күннен кем емес болып белгіленеді).

*Ескерту: 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 80 бұйрығымен .*

42. Қолданылу мерзімі конкурстық құжаттамада көрсетілгеннен кем конкурстық өтінім қабылданбайды.

#### **8. Конкурстық өтінімнің тілі**

43. Ықтимал өнім берушілер дайындаған конкурстық өтінім, сондай-ақ конкурстық өтінімге қатысты түгел хат-хабар мен құжаттар осы конкурстық құжаттама әзірленген тілде жасалып, ұсынылады. Ықтимал өнім беруші ұсынып отырған ілеспе құжаттама мен баспасөз басылымдары басқа тілде жасалуы мүмкін, бірақ оларға сәйкес тараулардың конкурстық өтінімдердің тілінде нақтылы, нотариалды куәландырған аудармасы болған жағдайда, және бұл жағдайда конкурстық өтінімді дұрыс пайымдау мақсатында, мемлекеттік немесе

орыс тілінде жазылған құжаттар басымдылау болады (конкурстық құжаттама мемлекеттік және орыс тілінде, ал халықаралық конкурстар өткізілген жағдайда - Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңнамасына сәйкес жасалады).

#### **4-тарау. Конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінімдерді табыс ету**

##### **1. Конкурстық өтінімді ресімдеу мен оған қол қою**

44. Конкурстық өтінімді ықтимал өнім беруші тігілген түрде, нөмірленген беттерімен ұсынады және соңғы беті оның қолымен, ал заңды тұлға үшін - мөрімен куәландырады. Егер ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімнің бағасын конкурстық өтінімнен бөлек ұсынған жағдайда, бұл баға ұсынысын өзі қосымша растайды. Конкурстық өтінімнің техникалық бөлігі (тігілген түрде, нөмірленген беттерімен, соңғы беті қолымен, ал заңды тұлға үшін - ықтимал өнім берушінің мөрімен расталған) және банктік кепілдеменің түпнұсқасы конкурстық өтінімге бөлек тіркеледі.

45. Ықтимал өнім беруші "ТҮПНҰСҚА" және "КӨШІРМЕ" деп көрсете отырып, конкурстық өтінімнің түпнұсқасын және (саны көрсетіледі) көшірмесін дайындау және табыс етуі тиіс. Олардың арасында алшақтық болған жағдайда түпнұсқаға басымдық беріледі.

46. Конкурстық өтінімнің түпнұсқасы және барлық көшірмелері басылуға немесе өшпейтін сиямен жазылуға және ықтимал өнім беруші қол қоюға тиіс.

47. Конкурстық өтінімде, ықтимал өнім берушінің грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзетуі қажет болған жағдайларды қоспағанда, жол арасында ешқандай қосу, өшіру немесе қосып жазу болмауы тиіс.

##### **2. Конкурстық өтінімдер бар конверттерді жапсырып жабу және таңбалау**

48. Ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімнің түпнұсқасы мен әрбір көшірмесін, әртүрлі конверттерге салып, оларды "ТҮПНҰСҚА" немесе "КӨШІРМЕ" деп белгілеп, жапсырып жабады. Бұл конверттерде ықтимал өнім берушінің атауы мен мекен-жайы көрсетілуі тиіс (конкурстық өтінімді ашпай қайтару мақсатында, егер ол "кешігіп қалған" деп жарияланған жағдайда). Бұдан кейін конверттер сыртқы конвертке салынып, жапсырылып жабылады.

49. Ішкі және сыртқы конверттер:

1) мына мекен-жай бойынша: (конкурсты ұйымдастырушының толық мекен-жайы көрсетіледі) конкурсты ұйымдастырушыға жіберілуге;

2) "(Конкурстың аты көрсетіледі) сатып алу жөніндегі конкурс" және "(осы Конкурстық құжаттаманың 59-тармағына сәйкес конкурстық өтінімдерді ашудың күні мен уақыты) дейін ашуға болмайды" деген сөздерді қамтуы тиіс.

##### **3. Конкурстық өтінімдерді табыс етудің орны мен соңғы мерзімі**

50. Конкурстық өтінімдер конкурсты ұйымдастырушыға қолма-қол немесе почта арқылы мекен-жай бойынша: \_\_\_\_\_ (конкурсты ұйымдастырушының толық мекен-жайы, бөлменің нөмірі көрсетіледі) және \_\_\_\_\_ сағатты қоса алғанда (конкурстық өтінімдерді қабылдаудың нақты соңғы күні мен уақыты көрсетіледі) мерзімге дейін - конкурстық өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі (конкурстық өтінімдерді ашу, күні мен сағатына дейін, бірақ жергілікті уақытпен жұмыс күнінің 15 сағатынан кешіктірмей белгіленеді).

#### **4. Конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін табыс етілген конкурстық өтінімдер**

51. Конкурсты ұйымдастырушы (оның жауапты тұлғасы) конкурстық өтінімді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін табыс етілген барлық конкурстық өтінімдерді қабылдамайды, ашпайды және оны табыс еткен ықтимал өнім берушіге қайтарады.

#### **5. Конкурстық өтінімдерді өзгерту және оларды кері қайтарып алу**

52. Ықтимал өнім беруші, өзі енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпай, конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің конкурстық өтінімдерін өзгерте немесе кері қайтара алады. Конкурстық өтінімнің өзгерістері конкурстық өтінімнің дәл өзі сияқты әзірленуге, жабылуға, мөрленуге және табыс етілуге тиіс. Мұндай өзгеріс немесе кері қайтарып алу туралы ескерту, егер оны конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін алған болса, жарамды болып табылады.

53. Конкурстық өтінімдерге конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін ешқандай өзгеріс енгізілмеуге тиіс.

#### **6. Конкурстық өтінімдерді табыс ету**

54. Конкурстық өтінімдер Заңның, Ереженің және осы Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес табыс етілуі тиіс.

### **5 тарау. Конкурстық өтінімдерді ашу және бағалау**

#### **1. Конкурстық комиссияның конкурстық өтінімдерді ашуы**

55. Қатысып отырған ықтимал өнім берушілердің өкілетті өкілдері өздерінің қатысып отырғанын растап, (тіркелудің күні мен уақыты көрсетіледі, бұл уақыт конкурстық өтінімдерді ашу уақытынан ерте болуы тиіс) ықтимал өнім берушілерді тіркеу журналында тіркелуі тиіс.

56. Конверттерді ашудың тікелей алдында конкурстық комиссия ықтимал өнім берушіге конкурстық өтінімнің бір бөлігі ретінде қосымша конверттер (бағалар кестесін) енгізуге құқық береді, оларда сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бағасы көрсетіледі. Қосымша

конверттер ұсынуды конкурстық комиссияның хатшысы тіркеу журналында тіркейді. (Осы рәсімнен кейін қандай да бір қосымша конверттер қабылданбайды .

57. Конкурстық комиссия барлық ықтимал өнім берушілердің немесе олардың өкілетті өкілдерінің қатысуымен (хабарландыруда (хабарламада) көрсетілген конкурстық өтінімдерді ашу мен конкурстық комиссияның отырысын жүргізу күні, уақыты, орны көрсетіледі. Егер конкурсқа (лотқа) бір ғана конкурстық өтінім табыс етілсе, осы конкурстық өтінім де ашылады. Бұл уақыт пен конкурстық өтінімді табыс етудің соңғы мерзімі арасындағы уақыт екі сағаттан аспауы тиіс) конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашады.

Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс өткізілген кезде, конкурстық комиссия конкурстың әрбір кезеңіне конверттерді ашу және конкурстың қорытындылары туралы хаттамалар жасайды.

*Ескерту: 57-тармаққа толықтырулар енгізілді - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 80 бұйрығымен .*

58. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан кезде конкурстық комиссия қатысып отырған тұлғаларға конкурсқа қатысатын ықтимал өнім берушілердің атауы мен тұратын жерін, олар ұсынған бағаны, егер олар құжат арқылы көрсетілсе, конкурстық өтінімдерді кері қайтарып алуды және өзгертуді, конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың болуы немесе болмауы туралы ақпаратты хабарлайды.

59. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімі бойынша конкурстық комиссияның хатшысы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес нысанда және мазмұны бойынша конкурстық комиссияның төрағасы, оның орынбасары, мүшелері және хатшысының қолдары қойылған ашу хаттамасын жасайды.

60. Осы хаттаманың көшірмесі ашу рәсінде қатысқан ықтимал өнім берушілерге беріледі, қатыспағандарға олардан сұрау алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде жіберіледі.

## **2. Конкурстық өтінімдерді алдын ала зерделеу және қарау**

61. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді олардың толықтылығын, есептердегі қатенің, қажетті кепілдіктердің, құжаттардағы барлық қойылған қолдың болуын, сондай-ақ бүтіндей алғанда құжаттардың ресімделуінің дұрыстығын алдын ала зерделейді.

62. Конкурстық өтінімдердің қаралуы Заңға , Ережеге және осы Конкурстық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

63. Конкурстық комиссия Заң мен Ережеде айтылған жағдайларда конкурстық өтінімді қатысудан шеттетуге құқылы. Конкурстық өтінім Заңның,



Ереженің барлық талаптарына сәйкес емес деп белгіленіп, конкурстық комиссиямен шеттетілген жағдайда, ол одан кейін талаптарға сәйкес деп танылмауға тиіс.

### **3. Ықтимал өнім берушілердің қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес болуын бағалау әдістері және өлшемдері**

64. Конкурсты ұйымдастырушы Заңның 8-бабының 1-тармағында көзделген біліктілік талаптарды көрсетеді.

Ықтимал өнім берушілердің қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестігі, сондай-ақ олар ұсынған ақпараттың толықтығы мен растығы конкурстық комиссия ықтимал өнім берушілер осы Конкурстық құжаттаманың 25 және 26-тармақтарына сәйкес ұсынған құжаттарды қараған сәтте белгіленеді.

### **4. Конкурстық өтінімнің бағасын бір валютаға келтіру**

65. Бағалау рәсімдерін жеңілдету және конкурстық өтінімдерді салыстыру үшін конкурстық комиссия конкурстық өтінімдердің әртүрлі валютамен көрсетілген барлық бағаларын \_\_\_\_\_ (күні көрсетіледі) күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша Қазақстан Республикасының валютасына - теңгеге аударады.

### **5. Конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру**

66. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді бағалау салыстыру және салғастыру мақсатында олардың шартты бағаларын есептеу үшін барлық шеттетілмеген конкурстық өтінімдерге бірдей мөлшерде қолданылатын конкурстық өтінімдерді бағалаудың, бағасынан басқа, өлшемдерін белгілейді:

(егер тапсырыс беруші үшін олардың маңызы болса, Заңның 16-бабы 6-тармағының 2)-8) тармақшаларында немесе 7-тармағының 2) және 3) тармақшаларында және Ереженің 30 , 32-36-тармақтарында көрсетілген бағалар өлшемдері санамаланады).

67. Осы Конкурстық құжаттаманың 66-тармағында анықталған балама конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыру осылайша жүргізіледі:

(конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстырудың, Ереженің 30 , 32-36-тармақтарына сәйкес конкурстық өтінімнің шартты бағасын есептеу тәртібін сипаттау қажет. Бұл ретте конкурстық өтінімнің бағасына Заңның 16-бабы 6-тармағының 2)-4), 6), 7) тармақшаларында немесе 7-тармағының 2), 3) тармақшаларында санамаланған өлшемдердің сомалық проценттік ықпалы 15 % аспауы тиіс. Егер тапсырысшы үшін балама техникалық және/немесе сапалық, пайдалану, басқа сипаттамалары бар тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер қолайлы болса, конкурсты ұйымдастырушы тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қолайлы сипаттамалары мен көрсеткіштерін, осындай конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстырудың тәсілдерін қоса көрсетуі қажет).

## **6. Басымдық беру шарттары**

68. Конкурстық комиссия ұтқан конкурстық өтінімді анықтаған кезде осы конкурс нәтижесінде сатып алынатын тауарлардың отандық өндірушілері болып табылатын ықтимал өнім берушілердің конкурстық өтінімдерінің бағасын конкурстық құжаттамада көрсетілген 20 процентке кемітеді, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілері мен мүгедектердің қоғамдық бірлестік ұйымдары беретін және көрсететін конкурстық құжаттамада көзделген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің көлемін ескереді.

Отандық тауар өндіруші - Қазақ Республикасының резиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға (қолдануға) дайын тауар өндіретін, жергілікті еңбек ресурстарының кемінде 85 процентін пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға.

Отандық тауар өндірушілер болып табылатын ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімінің бағасына Заңның 16-бабы 6-тармағының 2)-4), 6), 7), 9) тармақшаларында немесе 7-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында санамаланған өлшемдердің жиынтық проценттік әсері 35 проценттен аспауы тиіс.

*Ескерту: 68-тармаққа толықтырулар енгізілді - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 80 бұйрығымен.*

**6-тарау. Жеңіп шыққан конкурстық өтінімді анықтау мен шарт жасасу**

### **1. Жеңіп шыққан конкурстық өтінімді анықтау**

69. Конкурстық комиссия конкурстық құжаттамада көрсетілген өлшемдерді ескере отырып анықталатын, неғұрлым аз жиынтық шартты бағамен ұтқан конкурстық өтінімді дауыс беру жолымен анықтайды. Екі немесе бірнеше конкурстық өтінімдердің жиынтық шартты бағалары тең болған жағдайда тауарлар жеткізудің, жұмыстар орындаудың, қызметтер көрсетудің неғұрлым жақсы шарттарын ұсынатын конкурстық өтінімге басымдық беріледі.

70. Жеткілікті бәсекелестік орта болған кезде конкурстың қорытындысын шығарған кезде конкурстық комиссия конкурс жеңімпазынан басқа, ұсыныстары неғұрлым басымдыққа ие болған кемінде екі ықтимал өнім берушіні белгілейді.

71. Конкурстың қорытындылары Заңның 17-бабы мен Ереженің 40-тармағына сәйкес рәсімделеді.

72. Конкурсты ұйымдастырушы конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде конкурс нәтижелерін оның атауын, жеңімпазы мен оның мекен-жайын, конкурс жеңімпазы ұсынған тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің атауын және бірлігінің бағасын көрсете отырып, мерзімді баспасөзде жариялау жолымен барлық қатысқан ықтимал өнім берушілерге хабарлайды.



## **2. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу**

73. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Заңның 23-бабы мен Ереженің 97-тармағында айтылған тәртіп пен мерзімдерде жасалады.

Мемлекеттік сатып алу туралы шартта тараптардың оны орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін айыппұл санкциялары көзделуге тиіс.

74. Тапсырысшы конкурс қорытындысы шығарылған күннен бастап үш күн мерзім ішінде жеңімпаз атанған ықтимал өнім берушіні оның конкурстық өтінімі ұтқан деп танылғандығы туралы жазбаша (хатпен, жедел хатпен, факспен) хабардар етеді. Конкурсстық өтінімді ұтқан деп тану туралы хабарлама мемлекеттік сатып алу туралы шарттың бір бөлігі болып табылады.

75. Тапсырысшы конкурс жеңімпазы - ықтимал өнім берушіге хабарлай отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына қол қояды және оны оларға жібереді.

76. Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоюшы тараптардың мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына немесе мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартқа өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсыныстың мазмұнын өзгертуі мүмкін қандай да бір өзгеріс және жаңа талаптар енгізуге құқығы жоқ.

77. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық енгізгеннен кейін (егер шартты орындалуын қамтамасыз ету көзделсе) және мемлекеттік мекемелер үшін - тапсырысшы оны қазынашылық органдарында тіркегеннен кейін күшіне енеді.

**3. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету**  
(егер мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету көздесе, бұл тарау толтырылады)

78. Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа тараптар қол қойғаннан кейін он жұмыс күні ішінде, егер шартта өзгеше көзделмесе, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (қамтамасыз етудің түрі көрсетіледі: банк кепілдігі және/немесе банкте орналастырылатын ақша кепілі) және, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, \_\_\_\_\_ процент мөлшерінде (осы ықтимал өнім беруші жеңімпаз болып анықталған әрбір лот бойынша 3%-тен 5%-ке дейін көрсетіледі) енгізеді.

79. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің ақша кепілдігі түрі тапсырысшының шотына: (шоттың нөмірі мен банктік деректемелері көрсетіледі). Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің банк кепілдігі түрі Ережеге 10-қосымшаға сәйкес нысанда ресімделеді.

80. Енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді тапсырысшы шартта көзделген мерзімдерде немесе өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттерін толық және тиісінше орындаған сәттен бастап бес жұмыс күн ішінде қайтарады.

81. Тапсырысшы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жағдайларда, егер өнім беруші:

1) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзғанда;

2) сапасыз тауар жеткізілгенде, сапасыз жұмыстар орындалғанда, қызметтер көрсетілгенде;

3) мемлекеттік сатып алу туралы шарттың басқа да шарттарын бұзғанда қайтармайды.

Үлгі конкурстық құжаттамаға 1 қосымша

\_\_\_\_\_ жылға арналған тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу тізбесі

Лот.	Тапсы.	Тауарлардың	Тауарлардың	Өл.	Саны	Тауарлар.	Тауарлар.
тар.	рыс	жұмыстардың	жұмыстардың	шем	(қа.	ды жет.	ды жет.
дың	беру.	және	және	бір.	жет.	кізу,	жұ.
N	шінің	көрсетілетін	көрсетілетін	лігі	ті.	мыстарды	жұмыс.
	атауы	қызметтердің	қызметтердің	лік	орындау,	тарды	
	атауы	қысқаша	кө.	қызмет.	орындау,		
	(лоттар	сипаттамасы	ле.	терді	қызмет.		
	бойынша	(сипаттау) *	мі)	көрсету	терді		
	көрсетіледі)			мерзімі	көрсету		
					орны		

1	2	3	4	5	6	7	8
---	---	---	---	---	---	---	---

Егер тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің сипаттамасын осы бағанда сипаттау мүмкін болмаса, онда

о л ж е к е  
қ о с ы м ш а ( т е х н и .  
к а л ы қ м а м а н д а .  
н ы м ) б о л ы п  
ж а з ы л а д ы ж ә н е  
о с ы ж е р д е  
қ о с ы м ш а ( л а р ) ғ а  
с і л т е м е  
к ө р с е т і л е д і

---

\* Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің толық сипаты және сипаттамасы техникалық мамандануда көрсетіледі

Конкурсты ұйымдастырушы басшының \_\_\_\_\_  
лауазымы, аты-жөні және қолы

М.О.

Ү л г і к о н к у р с т ы қ  
құжаттамаға 2 қосымша

**Сатып алынатын тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің техникалық маманданымы**

(Конкурсты ұйымдастырушы бұл техникалық маманданымда талап етілетін сатып алынатын тауарлардың немесе қызмет көрсетулердің техникалық және сапалық сипаттамасын және қажетті маманданымдардың жоспарлардың, сызбалардың, нобайлар мен халықаралық немесе ішкі стандарттарға сай келетін тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің толық сипаттамаларын беруі тиіс. Сондай-ақ, қажет болған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы осы техникалық маманданымда тапсырысшыға тауарды тексеру мен сынаудың қай түрі қажет екендігі мен олар қай жерде өткізілетіні көрсетіледі).

Ү л г і к о н к у р с т ы қ  
құжаттамаға 3 қосымша

**С а т ы п а л ы н а т ы н ж ұ м ы с т а р д ы ң  
техникалық маманданымы**

(Конкурсты ұйымдастырушы бұл техникалық маманданымда талап етілетін, сатып алынатын, орындалатын жұмыстардың техникалық және сапалық сипаттамасын және қажетті маманданымдардың, жоспарлардың, сызбалардың, нобайлар мен халықаралық немесе ішкі стандарттарға сай келетін орындалатын жұмыстардың толық сипаттамаларын беруі тиіс. Сондай-ақ, осы техникалық

маманданымда конкурсты ұйымдастырушы құрылыс алаңының, географиялық, инженерлік-геологиялық және басқа да ерекше табиғи жағдайлардың, инфрақұрылым мен коммуникациялардың бар екендігінің қысқаша сипаттамасын беру керек, жергілікті ресурстардың, стандарттар мен техникалық нормативтердің жүйесінің сипаттамасы мен объектінің толық құрамын, аумақтың инженерлік дайындықтың, өндіріс пен жабдықтардың технологиясын, инженерлік қамтамасыз етудің, қолданылатын материалдар мен конструкциялардың, объектінің жабдықтауын және т.б. объектінің пайдалануға берілген кезде туындайтын қарама-қайшылықтарды болдырмайтын талаптар көрсетілуге тиіс).

Ү л г і к о н к у р с т ы қ  
құжаттамаға 4 қосымша

**Біліктілігі туралы мәліметтер**  
(тауарларды/көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде ықтимал өнім беруші толтырады)

1. Қатысушының атауы мен заңдық мәртебесі \_\_\_\_\_  
(мемлекеттік тіркеу

\_\_\_\_\_ жөніндегі құжаттардың көшірмесі қоса беріледі)

Тіркелу орны: \_\_\_\_\_

Мекен-жайы мен негізгі қызмет орны: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ -ға(-ге), лицензияның N  
(лицензияның көшірмесі қоса беріледі)

2. Соңғы бес жылдың ішінде ықтимал өнім беруші жеткізген тауарлардың/көрсеткен қызметтердің жыл сайынғы көлемі, теңгемен: \_\_\_\_\_

3. Соңғы үш жыл ішінде басты жеткізуші ретінде орындалған сипаты жағынан ұқсас жеткізулер (көрсетілген қызметтер). Құны теңгемен көрсетіледі

Тауардың (көрсетілетін қызметтердің) құны		Клиенттің атауы		Шарттың
				(келісім-шарттың)
				қ ұ н ы

---

---

4. Жеткізуші ұйым басты лауазымдары қызметкерлерінің біліктілігі мен тәжірибесі

---

Лауазымы	Тегі, аты-жөні	Жалпы жұмыс тәжірибесі (жыл)	Жеткізуші ретінде жұмыс тәжірибесі (жыл)
----------	----------------	------------------------------	--

---

---

5. Қаржы ресурстарына қол жеткізу туралы мәліметтер (ақша қаражаты, несие және т.б.). Төменде санамалады және растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі \_\_\_\_\_

---

---

6. Ұсынымдар алу үшін конкурсты ұйымдастырушы өтініш жасай алатын қатысушы банктің атауы, мекен-жайы, телефонының, телексінің және телефаксінің нөмірі \_\_\_\_\_

---

---

7. Соңғы екі жылдың ішінде мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша қатысушының міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін соттың жауапқа тартуы туралы мәліметтер

8. Ұсынымдар туралы мәліметтер. Басқа да заңды және жеке тұлғалардың ұсыным хаттары, пікірлері санамаланады және қоса беріледі \_\_\_\_\_

---

---

9. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес біліктілік талаптарына сай келетіні туралы өнім беруші өзге де мәліметтер береді

Біліктілік туралы барлық мәліметтердің шынайылығы мен толықтығын растаймын

Қолы \_\_\_\_\_

М.О. (заңды тұлға үшін)

Лауазымы \_\_\_\_\_

(Тегі, аты-жөні)

Ү л г і к о н к у р с т ы қ  
құжаттамаға 5-қосымша

*Ескерту: 5-қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 28 қарашадағы N 19 бұйрығымен .*

**Біліктілігі туралы мәліметтер**

(ықтимал өнім беруші жұмыстарды сатып алу кезінде толтырады )

1. Қатысушының атауы мен заңдық мәртебесі \_\_\_\_\_  
(мемлекеттік тіркеу жөніндегі

\_\_\_\_\_ құжаттардың көшірмесі қоса беріледі)

Тіркелу орны: \_\_\_\_\_

Мекен-жайы мен негізгі қызмет орны: \_\_\_\_\_

Жұмыстың осы түрін орындауға лицензияның N \_\_\_\_\_  
(лицензияның көшірмесі қоса беріледі)

2. Соңғы бес жылдың ішінде ықтимал өнім беруші орындаған жұмыстардың жыл сайынғы көлемі, теңгемен \_\_\_\_\_

3. Соңғы үш жыл ішінде бас мердігер ретінде орындаған сипаты және көлемі жағынан ұқсас жұмыстар

Объектілердің атауы және орналасқан жері		Тапсырыс берушілердің атауы және олардың телефондары.		Жұмыстардың түрлері және объектілерді аяқтау жылы		Шарттың (келісім-шарттың) бағасы, теңгемен
			ның нөмірі			

4. Жұмыстарды орындау үшін Мердігерге жабдықтардың (құрылыс механизмдерінің, машиналардың) мынадай бірліктері болуының мәні бар. Қатысушы төменде берілген барлық сұрақтарға жауап  
б е р у і т и і с

Жабдықтардың | Моделі | Бар | Жай-күйі | Меншікті,  
(құрылыс | және | бірлік. | (жаңа, | жалға алынған  
механизмдер. | шығарыл. | тердің | жақсы, | (кімнен) сатып  
дің, машина. | ған | саны | нашар) | алынды (кімнен)  
лардың түрі) | жылы | | |

---

---

5. Шартты іске асыру үшін түйінді әкімшілік және желілік  
лауазымдарға ұсынылатын қызметкерлердің біліктілігі және  
о л а р д ы ң т ә ж і р и б е с і

Лауазымы	Тегі, аты-жөні	Жұмыс стажы (жыл)	Ұқсас объектілердегі жұмыс тәжірибесі (жыл)
----------	----------------	----------------------	---

---

Ұ й ы м н ы ң  
б а с ш ы с ы

---

Б а с и н ж е н е р

---

У ч а с к е н і ң  
б а с т ы ғ ы

---

---

6. Қаржы ресурстарына қол жеткізу туралы мәліметтер (ақша  
қаражаты, несие және т.б.). Төменде санамаланады және  
растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі \_\_\_\_\_

---

7. Конкурстың ұйымдастырушысы ұсынымдар алу үшін өтініш жасай  
алатын қатысушы банктің атауы, мекен-жайы, телефон, телекс  
және телефакс нөмірлері \_\_\_\_\_

---

8. Соңғы екі жылдың ішінде мемлекеттік сатып алу туралы  
жасалған шарттар бойынша қатысушының міндеттерді орындамағаны



немесе тиісінше орындамағаны үшін соттың жауапқа тартуы туралы мәліметтер

9. Ұсынымдар туралы мәліметтер. Ұсыным хаттар, басқа да заңды және жеке тұлғалардың пікірлері санамаланады және қоса беріледі \_\_\_\_\_

10. Ұсынылатын әдістер және жұмыс кестесі (қоса беріледі)

11. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес біліктілік талаптарына сай келетіні туралы өнім беруші өзге де мәліметтер береді

Біліктілік туралы барлық мәліметтердің шынайылығын растаймын

Қолы \_\_\_\_\_

М.О.

Лауазымы \_\_\_\_\_

(Тегі, аты-жөні)

Ү л г і к о н к у р с т ы қ

құжаттамаға 6-қосымша

**КОНКУРСТЫҚ**

**ӨТІНІМДІ**

**ҚАМТАМАСЫЗ**

**ЕТУ**

**НЫСАНЫ**

**(БАНК КЕПІЛДІГІ)**

Банктің атауы: \_\_\_\_\_  
(банктің атауы және деректемелері)

Кімге: \_\_\_\_\_

(конкурсты ұйымдастырушының атауы және деректемелері)

**№ \_\_\_\_\_ КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ**

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
(орналасқан жері)

Біз, \_\_\_\_\_ бұдан әрі "Өнім беруші"  
(ықтимал өнім берушінің атауы)

\_\_\_\_\_ ұйымдастырған \_\_\_\_\_  
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

сатып алу жөніндегі Конкурсқа қатысатыны және жалпы сомасы  
\_\_\_\_\_ теңгеге \_\_\_\_\_

(жазбаша) (тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін

\_\_\_\_\_ қызметтердің атауы және көлемі)  
тауарларды жеткізуді (жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді) жүзеге асыруға дайын болуы туралы хабардар

етілдік. Жоғарыда аталған конкурсты өткізу жөніндегі \_\_\_\_\_  
жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ конкурстық құжаттамамен ықтимал өнім  
берушілердің банк кепілдігі түрінде конкурстық өтінімді  
қамтамасыз етуін енгізу көзделіп отыр.

Осыған байланысты біз \_\_\_\_\_  
( банк тің атауы )

Сіздің талап етуіңіз бойынша Сізге \_\_\_\_\_

(сомасы санмен және жазбаша)

сомасына тең Сіздің төлеуге жазбаша талап етуіңізді, сондай-ақ Өнім беруші:

- конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғаннан кейін конкурстық өтінімді қайтарып алғандығын немесе оны өзгерткендігін;

- мемлекеттік сатып алу туралы шартқа белгіленген мерзімде қол қоймағандығын;

- мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойғаннан кейін конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбегендігін жазбаша растайтын талабыңызды алғаннан кейін қайтарып алынбайтын міндеттемені өзімізге қабылдаймыз.

Осы кепілдікті міндеттеме конкурстық өтінімдерімен конверттерді ашқан күнінен бастап күшіне енеді.

Осы кепілдікті міндеттеме Өнім берушінің конкурсқа қатысуға конкурстық міндеттемесі қолдануылының түпкілікті мерзіміне дейін қолданылады және бізге осы құжат қайтарыла ма немесе қайтарылмай ма, оған тәуелсіз, егер біз Сіздің жазбаша талап етуіңізді осы күннің аяғына дейін алмасақ, толық және өздігінен күшін жояды.

Осы кепілдікті міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар және міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Кепілдік берушілердің қолы және мөрі Күні және мекен-жайы  
( Банк басшысының және

бас бухгалтерінің атынан)

Үлгі конкурстық  
құжаттамаға 7-қосымша

*Ескерту: 7-қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 28 қарашадағы N 19 бұйрығымен.*

**Тауарларды/көрсетілетін қызметтерді**

**мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шарт**

\_\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_\_ "

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын \_\_\_\_\_  
(Тапсырыс берушінің толық атауы)  
\_\_\_\_\_ тұлға  
(өкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты-жөні)  
бір тараптан және \_\_\_\_\_,  
(Өнім беруші - конкурс жеңімпазының толық атауы)  
бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ тұлға  
(өкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты-жөні)  
\_\_\_\_\_ негізінде іс-әрекет жасайтын,

(Жарғының, Ереженің және т.б.)

екінші тараптан, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңы мен \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қаласында \_\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_

сатып алу жөніндегі (конкурстың атауы) конкурстың қорытындыларының Хаттамасы негізінде осы мемлекеттік сатып алу туралы (бұдан әрі - Шарт) Шарт жасасты және төмендегідей келісімге келді:

1. Конкурс ұйымдастырушы - (конкурс ұйымдастырушының атауы көрсетіледі) (тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы) сатып алу жөнінде Тапсырыс беруші үшін конкурс жариялады және Өнім берушінің (сомасы цифрмен және жазумен көрсетіледі) сомасы мөлшерінде осы тауарларды жеткізу/қызметтерді көрсету жөніндегі конкурстық өтінімін қабылдап алды (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы).

2. Осы шартта төменде аталатын ұғымдар төмендегідей түсініктемені қ а м т и д ы :

1) "Шарт" - жазбаша нысанда бекітілген, барлық қосымшалары мен толықтыруларын қоса тараптар қол қойған, сондай-ақ шартта сілтемелері бар барлық құжаттарын қоса "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

2) "Шарттың бағасы" Тапсырыс берушінің Өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін Шарт шеңберінде төлейтін бағасын б і л д і р е д і ;

3) "Тауарлар" Өнім беруші Шарт шеңберінде Тапсырысшыға жеткізетін техниканы, құрал-жабдықтарды, тауарлар мен ілеспе қызметтерді білдіреді;

4) "Жанама қызметтер" осы Шартпен көзделген, Тауарларды жеткізуді қамтамасыз ететін, мысалы, тасымалдау мен сақтандыруды және өзге де көмекші қызметтерді, мысалы, құрастыру, іске қосу, техникалық көмек көрсету, оқыту және басқа да осы тектес Өнім берушінің міндеттерін қоса алғандағы

қызметтерді

білдіреді;

5) "Тапсырыс беруші" - мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар, сондай-ақ олармен аффилиирленген заңды тұлғалар;

6) "Өнім беруші" - Тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартта келісім-шарт жасасушы агент ретінде әрекет ететін және тауарларды жеткізуді (қызметтерді көрсетуді) жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

3. Төменде санамаланатын құжаттар мен онда айтылған шарттар осы Шартты құрайды да оның ажырамас бөлігі болып саналады, яғни:

1) осы Шарт;

2) сатып алынатын тауарлар/қызметтер тізбесі;

3) техникалық мамандануы;

4) Шартты орындауды қамтамасыз ету (бұл тармақша конкурстық құжаттамада Шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу көзделген жағдайда көрсетіледі).

4. Өнім беруші сату мен жеткізуді (көрсетуді), ал Тапсырыс беруші тауарды (қызметті) саны мен сапасы осы шарттың бөлінбес бөлшегі болып табылатын, Өнім берушінің конкурстық өтінімі мен Тапсырыс берушінің (конкурсты ұйымдастырушының) конкурстық құжаттамасына сәйкес қабылдап алумен төлеуді міндетке алады.

5. Төлемнің түрі \_\_\_\_\_

(ақша аудару, қолма қол есеп айырысу, аккредитив және т.б.)

6. Төлемдердің мерзімі \_\_\_\_\_

(мысалы: тауарды түпкі бағдарында қабылдағаннан кейін,

\_\_\_\_\_ немесе алдын ала төлем, немесе т.б. %-і)

7. Төлемнің алдынан келетін қажетті құжаттар: \_\_\_\_\_

( есеп-фактура немесе

\_\_\_\_\_ қабылдау-тапсыру актісі, немесе с.с.)

8. Осы Шарттың шеңберінде жеткізілетін Тауарлар немесе қызметтер, техникалық маманданымда көрсетілген стандарттарға сай немесе олардан жоғары болуы тиіс.

9. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз, Тапсырыс берушінің өзі осы Шартты орындауға тартылған персоналдан басқа, кімге де болса Шарттың қай бір ережелерін, сондай-ақ техникалық құжаттаманың, жоспарлардың, сызбалардың, нобайлар мен үлгілердің және

Тапсырыс беруші немесе оның атынан өзге тұлғалар ұсынған ақпараттың мазмұнын ашпауға тиіс. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті мөлшерде ғана ұсынылады.

10. Өнім беруші, Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталып өткен құжаттарды немесе ақпаратты, Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа, пайдаланбауға тиіс.

11. Техникалық мамандануда көзделсе, Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Тауарларға олардың техникалық мамандануға сәйкестігін растайтын, техникалық бақылау және/немесе сынақтар өткізе алады. Бұл сынақтардың барлық шығындарын Өнім беруші көтереді. Техникалық маманданымда Тапсырыс берушіге тексеру мен сынақтың қандай түрлері қажет екені, сондай-ақ олардың қай жерде өткізілетіні көрсетіледі. Тапсырыс беруші осы мақсатқа арналған өзінің өкілдері туралы жазбаша түрде және дер кезінде Өнім берушіні х а б а р д а р е т у і т и і с .

12. Техникалық бақылау мен сынақтар Өнім берушінің немесе қосалқы мердігер(лер)дің аумағында, Тауарларды жеткізу орнында және/немесе түпкі бағытында өткізілуі мүмкін. Егер олар Өнім берушінің немесе қосалқы мердігер(лер)дің аумағында өткізілсе, Тапсырыс берушінің жағынан ешқандай қосымша шығындарсыз, Тапсырыс берушінің инспекторларына, сызбалар мен өндірістік ақпараттарды қолдану мүмкіндігін қоса, барлық керекті қаражаттар беріледі және жәрдем көрсетіледі.

13. Егер техникалық бақылау мен сынақтардан өткен Тауарлар техникалық маманданымға сай болмаса, Тапсырыс беруші олардан бас тартуға құқылы, ал Өнім беруші сапасыз Тауарды ауыстырады немесе Тапсырыс беруші жағынан ешқандай қосымша шығындарсыз, техникалық маманданымның талаптарына сәйкес тиісті өзгерістер енгізеді.

14. Жоғарыда аталған бір де бір тармақ Өнім берушіні осы Шарт бойынша кепілдіктерінен немесе басқа міндеттерінен босатпайды.

15. Өнім беруші тауарларды, оларды Конкурстық құжаттамаға 1-қосымшада көрсетілген түпкі бағытына жеткізгенге дейін тасымалдағанда зақымдалудан немесе бұзылудан қорғайтын буып-түюін қамтамасыз етуі тиіс. Буып-түю тасымалдау кезіндегі, сондай-ақ ашық сақталғанда интенсивтік көтергіш-тасымалдаулық өңдеу мен экстремалдық температуралардың, пайда болған тұздар мен жауын-шашын әсерлерін ешқандай шектеусіз шыдап көтеру керек. Буып-түйілген жәшіктердің габариттері мен олардың салмағын белгілегенде түпкі бағыттың алыстығы мен Тауарлардың жүру бағдарының барлық пункттерінде қуатты жүк көтергіш құралдардың бар болуы ескерілуі тиіс.

16. Жәшіктердің буып-түйілуі мен белгілеуі, сондай-ақ ішіндегі және сыртындағы құжаттама Тапсырыс беруші белгілеген арнайы талаптарға қатаң

с ә й к е с

б о л у ы

т и і с .

17. Өнім беруші Тауарларды жеткізуді сатып алынатын тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің тізбесінде (1-ші қосымша) аталған Тапсырыс берушінің шарттарына сәйкес төмендегідей жүзеге асырады:

а) шетелден жеткізілетін Тауарлар үшін:

Өнім беруші тауарды жөнелткеннен кейін Тапсырыс беруші мен сақтандыру компаниясын телекс немесе факс арқылы Шарттың нөмірін, тауардың сипаттамасын, санын, кемесін, коносамент нөмірі мен оның күнін, айын, жылын, порты мен жөнелткен күнін, айын, жылын, жүкті түсіру портын және т.б. қоса, тасымалдаудың барлық егжей-тегжейі туралы хабардар етуі тиіс. Өнім беруші Тапсырыс берушіге келесі құжаттаманы жіберуі тиіс:

1) тауарлардың сипаттамасы, саны, Тауардың бірлік бағасы мен жалпы сомасы көрсетілген Өнім берушінің шот-фактурасының көшірмесін;

2) жүкті тасымалдау құжаттамасының түпнұсқасы мен 3 көшірмесін;

3) әрбір буып-түюдің мазмұны көрсетілген буып-түю парағының көшірмесін ;

4) сақтандыру сертификатын ;

5) жасаушының немесе Өнім берушінің кепілдік сертификатын;

6) өкілетті инспекциялық қызмет берген техникалық бақылау өткізгені туралы куәлік, сондай-ақ Өнім берушінің зауытында (егер мұндай жағдай орын алған болса) техникалық бақылау өткізілгені туралы есепті;

7) Тауардың шығарылуы жөнінде сертификатты.

Жоғарыда аталған құжаттарды Тапсырыс беруші Тауарлардың портқа немесе жеткізу пунктіне келгенге дейін ең болмағанда бір апта бұрын алуы тиіс, және оларды алмаған күнде Өнім беруші бұған байланысты барлық шығындарға жауапкершілік тартады .

б) Жергілікті Тауарлар үшін:

1) тауарлардың сипаттамасы, саны көрсетілген, тауардың бірлік бағасы мен жалпы сомасы бар Өнім берушінің шот-фактурасының көшірмесі;

2) жүкті тасымалдау құжаттамасы, теміржол квитанциясы немесе автокөліктік жүк квитанциясы ;

3) Жасаушының немесе Өнім берушінің кепілдік сертификаты;

4) өкілетті инспекциялық қызмет берген техникалық бақылау өткізгені туралы куәлік, сондай-ақ Өнім берушінің зауытында (егер мұндай жағдай орын алған болса) техникалық бақылау өткізілгені туралы есеп;

5) Тауардың шығарылуы жөнінде сертификат.

18. Шарт бойынша жеткізілетін Тауарлар, олардың жасалуына, сатып алуына, тасымалдауына, сақталуына және жеткізілуіне байланысты теңгеде (немесе еркін конвертацияланатын валютада) толық сақтандырылуы (қажетті сақтандыру түрі

көрсетіледі) тиіс. Сақтандыру полисінде Тапсырыс беруші Өнім берушімен бірге сақтандыру компаниясынан өтемақы алатын тарап ретінде аталуы тиіс.

19. Әскери әрекеттер мен ереуілдерге байланысты қауіптерді қоса, "барлық қауіптерден" сақтандыру кезінде сақтандыру "қоймадан қоймаға дейінгі" Шарттың сомасының 110% мөлшерінде болуы тиіс.

20. Өнім беруші Тауарларды Конкурстық құжаттамаға 1-қосымшада көрсетілген бағыт пунктіне дейін жеткізуі тиіс. Тауарлардың бағыт пунктіне дейін тасымалдауды Өнім беруші жүзеге асырады және төлемін жасайды, ал бұған байланысты шығындар Шарттың бағасына кіреді.

21. Конкурстық құжаттамада көрсетілген қызметтерді Өнім беруші осы Шарттың шеңберінде орындауы тиіс.

22. Жанама қызметтердің бағалары Шарттың бағасына енгізілуі тиіс.

23. Тапсырыс беруші Өнім берушіден Өнім беруші жасайтын немесе сататын қосалқы бөлшектер туралы мынадай ақпарат, атап айтқанда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден сатып алу үшін таңдап алатын және кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін қолданатын қосалқы бөлшектердің құны мен номенклатурасын талап ете алады.

24. Өнім беруші өзінің қосалқы бөлшектерді өндіруді тоқтатқан жағдайда:

а) Тапсырыс берушіге қажетті мөлшерлерде қажетті сатып алулар жасап алуға мүмкіндік беру үшін, оны алдағы өндірістің жабылуы туралы алдын ала ескертуге ;

б) қажетті жағдайда, өндірісті тоқтатумен ілесе, Тапсырыс берушіге жоспарларды, сызбаларды және қосалқы бөлшектердің техникалық құжаттамасын тегін беруге міндетті.

25. Өнім беруші, егер Шарт бойынша өзге көзделмесе, Шарт шеңберінде жеткізілген тауарлардың жаңа болуына, қолданылмағандығына, жаңа үлгідегі немесе конструкциялар мен материалдардың барлық соңғы модификацияларын көрсететін сериялық үлгілері екендігіне кепілдік береді. Өнім беруші бұдан әрі осы шарт бойынша жеткізілген тауарлар конструкцияларына, материалдарына немесе жұмысына байланысты, жеткізілген Тауарлар Тапсырыс берушінің еліне әдетті жағдайларда қалыпты қолданған кезде ақаулықтары болмайтынына кепілдік береді. Тапсырыс беруші ұсынған Техникалық маманданымға қатаң сәйкес Өнім беруші жасаған конструкцияларда, материалдарда ақаулықтар шыққан жағдайда, Өнім беруші оның (Тапсырыс берушінің) техникалық маманданымында жіберілген қателіктер үшін жауапкершілік тартпайды.

26. Бұл кепіл Тауарлардың барлық партиясы немесе нақты жағдайға байланысты оның бөлігі жеткізілгеннен және оларды Шартта көрсетілген түпкі бағытының пунктінде қабылдап алғаннан кейін \_\_\_\_\_



----- күн ішінде күшінде болады.  
(талап етілетін кепіл мерзімі көрсетіледі)

27. Тапсырыс беруші осы кепілге байланысты барлық наразылықтар туралы Өнім берушіні жедел түрде жазбаша ескерту тиіс.

28. Өнім беруші осындай ескерту алғаннан кейін сапасыз Тауарларға немесе оның бөлшектеріне Тапсырыс беруші жағынан ешқандай шығынсыз мейлінше жедел жөндеу жүргізуге немесе ауыстыруға міндетті.

29. Егер Өнім беруші ескертуді алып, Тапсырыс беруші талап еткен мерзімдерде ақаулық(тар)ды түзетпесе, Өнім берушіге қатысты басқа да Шарт бойынша Тапсырыс берушінің болуы мүмкін құқықтарына зиянын тигізбей, Тапсырыс беруші Өнім берушінің есебінен ақаулықтарды түзету жөнінде қажетті санкциялар мен шаралар қолдана алады.

30. Өнім берушіге жеткізілген Тауарлар үшін төлем осы Шарттың 5 және 6-тармақтарында көрсетілген нысанда және мерзімде жүргізіледі.

31. Тапсырыс берушінің шартта көрсеткен бағалары Өнім берушінің конкурстық өтінімінде көрсетілген бағаларына сәйкес келуі тиіс.

32. Шарттың құжаттарына, екі жақ қол қойған жазбаша өзгерістерден басқа, ешқандай ауытқулар немесе өзгерістер (сызбалар, жобалар немесе техникалық маманданымдар, жөнелту, буып-түю тәсілі, жеткізу орны немесе өнім беруші ұсынатын қызметтер және т.б.) енгізуге болмайды.

33. Егер қандай да болса өзгеріс бағаның немесе Шарт бойынша тауарлардың қандай да бір бөлшегін жеткізу үшін Өнім берушіге қажетті мерзімдердің төмендеуіне әкелетін болса, Шарттың бағасы немесе жеткізу кестесі, немесе екеуі де керекті түрде түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Осы тарау шеңберінде түзетулер жүргізу бойынша Өнім берушінің барлық сұраулары Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы Өнім беруші өкім алғаннан кейін 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

34. Өнім беруші осы Шарт бойынша Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз өзінің міндеттерін түгелімен де, бөлектеп те өзгеге тапсырмауға тиіс.

35. Өнім беруші Тапсырыс берушіге, егер бұл конкурстық өтінімнің құжаттарында аталып өтсе, осы Шарт шеңберінде жасасқан барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынуы тиіс. Қосалқы мердігерлердің бар болуы Өнім берушіні Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

36. Тауарларды жеткізу мен қызметтерді көрсетуді Өнім беруші бағалар кестесінде көрсетілген кестеге сәйкес жүзеге асыру тиіс.

37. Өнім беруші тарабынан жеткізуді кешіктіру оған жүктелетін мынадай санкцияларға әкелуі мүмкін: Шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап қалу

арқылы Шартты жоюға немесе айып төлетуге.

38. Егер Шартты орындау барысында, Өнім беруші немесе оның мердігер(лер)і уақытында Тауарларды жеткізуге және қызметтерді көрсетуге кедергі жасайтын жағдайлармен кез келген уақытта кездесе, Өнім беруші бөгет болған факті, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы Тапсырыс берушіге жазбаша ескертуді дереу жіберуі тиіс. Тапсырыс беруші Өнім берушіден ескерту алғаннан кейін жағдайға баға беріп, өзінің қарауынша, Өнім берушінің Шартты орындау мерзімін ұзарта алады; бұл жағдайда мұндай ұзарту Шарт мәтініне түзетулер енгізу арқылы тараптармен бекітілуі тиіс.

39. Форс-мажорлық жағдайлардан басқа, егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімдерде Тауарларды жеткізе немесе қызметтерді көрсете алмаса, Тапсырыс беруші Шарт шеңберіндегі өзінің өзге құқықтарына зиянын тигізбей, айып төлемі түрінде Шарттың бағасынан

---

( шарттың жалпы сомасынан %-те немесе кешіктірудің әр күні үшін соманы, кемітеді.

---

белгілі сома көрсетіледі)

40. Шарттың шарттары бұзылғаны үшін басқа да санкцияларға зиян келтірмей, Тапсырыс беруші, Өнім берушіге міндеттерін орындамағаны туралы жазбаша ескерту жіберіп, осы Шартты толық немесе бөлектеп бұза алады:

а) егер Өнім беруші Тауардың бөлшегін немесе барлығын Шартта көзделген мерзім(дер)де немесе Тапсырыс беруші ұсынған бұл Шартты ұзарту мерзімі ішінде жеткізе алмаса;

б) егер Өнім беруші Шарт бойынша өзінің басқа да міндеттерін орындай алмаса.

41. Егер Шарттың шарттарын орындауға кедергі болып форс-мажорлық жағдайлар табылса, Өнім беруші өзінің Шартты орындауын қамтамасыз етуінен айырылмайды және айып төлеміне немесе Шарттың бұзылуына жауапкершілік тартпайды.

42. Осы Шарттың мақсаты үшін "форс-мажор" Өнім беруші тарабының бақылауына көнбейтін, Өнім берушінің жаңылысуына немесе салақтығына байланыссыз күтпеген тұтқиыл жағдайды білдіреді. Мұндай жағдайлар мыналарды: әскери әрекеттерді, табиғи немесе зілзала нәубеттерді, эпидемия, тауарға салынған карантин мен эмбаргоны қамтуы, бірақ бұл әрекеттермен шектелмеуі мүмкін.

43. Форс-мажорлық жағдайлар пайда болғанда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге осындай жағдайлар мен оның себептері туралы жазбаша дереу ескерту жіберуі тиіс. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттерін неғұрлым мақсатқа сай атқара береді

және Шартты орындау үшін форс-мажорлық жағдайлардан тәуелсіз балама тәсілдерді іздестіреді.

44. Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Өнім берушіге қажетті жазбаша ескерту жібере отырып, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Шартты бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Шарттың бұзылуы дереу жүзе асырылады, және, егер Шарттың бұзылуы Тапсырыс берушіге зиянын келтірмеген немесе іс-әрекет жүргізуге немесе Тапсырыс берушіге тағылған немесе кейін тағылатын санкцияларды қолдануға қандай да болсын құқықтарын қозғамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттер атқармайды.

45. Шарттың әрі қарай орындалуы мақсатқа сай келмейтіндігінен, Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша ескерту жіберіп, кез келген кезде оны бұза алады. Ескертуде Шартты бұзудың себебі, шарттық міндеттемелердің жойылған көлемі аталып өтуі тиіс, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енетін құны, жылы, айы көрсетіледі.

46. Шарт осындай жағдайларға байланысты күшін жойған кезде, Өнім беруші Шарттың бұзудың себептеріне байланысты, күші жойылған күнге, нақты шығындарға ғана төлем талап етуге құқылы.

47. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты барлық өзара келіспеушіліктер мен талас пікірлерді тікелей келіссөздер барысында шешуге бар ынталарын салуға тиіс.

48. Егер Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша таласты мұндай тікелей келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде шеше алмаса, тараптардың кез келген жағы осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап етуге құқылы.

49. Шарт мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жасалады. Шарттың екінші тарабы шетелдік ұйым болған жағдайда, оның екінші данасы Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес сол тілге аударылуы мүмкін. Шартты төрелік сотта қарау қажет болған жағдайда, Шарттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі даналары қаралады. Тараптар алмасатын Шартқа қатынасты барлық хат жазысу мен басқа да құжаттамалар осы шарттарға сай болуы тиіс.

50. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалуы тиіс.

51. Шарт бойынша бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген ескерту хат, жедел хат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі, оған ілесе түпнұсқасы жіберіледі.

52. Ескерту жеткізілген уақыттан немесе онда көрсетілген күшіне енетін күнінен (егер ескертуде көрсетілсе), олардың қай күні кешірек болғанға байланысты, сол күннен бастап күшіне енеді.

53. Салықтар және басқа да бюджетке міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

54. Өнім беруші Шартты орындауды қамтамасыз етуді конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда енгізуге тиіс.

55. Осы Шарт Тапсырыс беруші мен Өнім беруші белгіленген тәртіппен келісімдеген басқа да айыппұл санкцияларын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шарттарды көздеуі м ү м к і н .

56. Осы Шарт Тапсырысшы оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қазынашылығының жергілікті органдарында тіркегеннен кейін және Өнім беруші Шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне е н е д і .

57. Тараптардың мекен-жайлары мен реквизиттері:

Тапсырысшы

Өнім беруші

\_\_\_\_\_

(толық атауы)

\_\_\_\_\_

(толық атауы)

\_\_\_\_\_

(мекен-жайы)

\_\_\_\_\_

(мекен-жайы)

\_\_\_\_\_

(телефон, факс)

\_\_\_\_\_

(телефон, факс)

\_\_\_\_\_

(аты-жөні)

\_\_\_\_\_

(аты-жөні)

\_\_\_\_\_

(қолы)

\_\_\_\_\_

(қолы)

\_\_\_\_\_ ж. " " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ ж. " " \_\_\_\_\_

М.О

М.О.

Қазынашылықтың жергілікті органдарында тіркелген күні, жылы, айы ( мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін): \_\_\_\_\_

Осы тауарларды/қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы Үлгілік шарт Тапсырысшы мен Өнім беруші тауарларды/қызмет көрсетулерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті қаражатының есебінен жүзеге асыру барысында Тапсырысшы мен Өнім беруші арасында шығатын құқылық қарым-қатынастарды реттейді. Тапсырысшы, осы шартты қолдана отырып, конкурс қорытындыларының хаттамасы негізінде өзінің тауарларды/қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасын әзірлеуге міндетті. Бұл жағдайда, осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңдарына, Тапсырысшының конкурстық құжаттамасына, Өнім берушінің конкурстық

өтініміне және конкурс қорытындыларының хаттамасына сәйкес болу тиіс. Осы Шартта курсивпен бөлініп жазылған түсіндірмелерді Тапсырысшы толтыруы тиіс.

Ү л г і к о н к у р с т ы қ  
құжаттамаға 8-қосымша

## Ж ұ м ы с т а р д ы

### мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шарт

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
(Орналасқан жері)

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын \_\_\_\_\_  
(Тапсырыс берушінің толық атауы)

\_\_\_\_\_ тұлға  
(өкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты-жөні)

бір тараптан және \_\_\_\_\_  
(өнім беруші - конкурс жеңімпазының толық атауы)

бұдан әрі Мердігер деп аталатын \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ тұлға

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты-жөні)

\_\_\_\_\_ негізінде іс-қимыл жасайтын,  
(Жарғының, Ереженің және т.с.с)  
екінші тараптан, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңның және  
\_\_\_\_\_ қаласында өткен \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (к о н к у р с т ы ң а т а у ы )  
сатып алу жөніндегі конкурстың \_\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_

қорытындылары туралы Хаттамасы негізінде осы мемлекеттік  
сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасасты және төмендегілер туралы  
к е л і с і м г е \_\_\_\_\_ к е л д і :

1. Конкурсты ұйымдастырушы - (конкурсты ұйымдастырушының атауы көрсетіледі) Тапсырыс беруші үшін (жұмыстардың қысқаша сипаттамасы) сатып алу жөнінде конкурс жариялады және осы жұмыстарды орындауға (сомасы цифрмен және жазылып көрсетіледі) сома мөлшерінде (бұдан әрі Шарттың Жалпы сомасы деп аталады) Мердігердің конкурстық өтінімін қабылдап алды.

2. Жұмыстар (жобаның атауы, объектінің атауы және орналасқан жері) Жоба  
б о й ы н ш а \_\_\_\_\_ о р ы н д а л а д ы .

Бас Жобалаушы (ұйымның атауы және мекен-жайы).

3. Осы шартта төменде аталатын ұғымдар төмендегідей түсініктемені  
қ а м т и д ы :

1) "Тапсырыс беруші" - мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер,

мемлекеттік кәсіпорындар және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар, сондай-ақ олармен қосылма заңды тұлғалар;

2) "Бас мердігер" (бұдан әрі - Мердігер) - Тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартта тікелей агент ретінде әрекет ететін заңды т ұ л ғ а ;

3) "Қосалқы мердігер" Шарт бойынша учаскеде (объектіде) жұмыстардың бір бөлігін орындау туралы Бас мердігермен шарт жасасқан тұлғаны немесе ұйымды б і л д і р е д і ;

4) "Техникалық қадағалау" Шарттың талаптарына сәйкес Мердігердің мердігерлік жұмыстарын орындау бойынша бақылауды жүзеге асыру үшін Тапсырыс беруші тағайындаған және Мердігерге хабарландырылған тұлғаны б і л д і р е д і ;

5) "Объект" - конкурсты ұйымдастырушы құрылыс салуға, қайта құруға жататын деп белгілеген әрі Мердігер Тапсырыс берушіге Шартта көзделген түрде тапсыратын ғимарат, құрылыс;

6) "Учаске" - Объектінің құрылысына немесе жұмыстарды жүргізу үшін бөлінген аумақты білдіреді;

7) "Шарттың құны" - Мердігер оның конкурстық өтінімінде көрсеткен және Тапсырыс беруші қабылдаған Шарттың жалпы сомасын білдіреді;

8) "Шарт" - "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және ғимараттар мен құрылыстарды салуға және жөндеу-құрылыс жұмыстарына арналған Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт. Шартқа қол қойылғаннан кейін, оған барлық толықтырулар мен өзгерістер өзгерістерді қабылдау арқылы жасалуы мүмкін. Шарт Жобалаушы мен Мердігер, Тапсырыс берушілер мен Қосалқы мердігерлер арасында, қандай да бір шарттық қарым-қатынастар жасау мақсатында т ү с і н д і р і л м е у і т и і с ;

9) "Уақытша құрылыстар" - Объектінің құрылысы мен жөндеу үшін қажетті Мердігер тұрғызатын, қондыратын және Объект құрылысы аяқталғаннан кейін алынып тасталатын барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды білдіреді;

10) "Материалдар" - Мердігер мен Қосалқы мердігер Объектінің құрылысы үшін пайдаланатын барлық шығыс материалдарын білдіреді;

11) "Жабдық" - Объектінің құрылысы үшін учаскеде уақытша орналастырылған Мердігер мен Қосалқы мердігердің барлық машиналары мен м е х а н и з м д е р і н білдіреді;

12) "Құрылыстың ұзақтығы мерзімі" - Мердігер оның ішінде Объектінің құрылысын аяқтайтын мерзімді білдіреді;

13) "Күндер" - күнтізбелік күндер, "айлар" - күнтізбелік айлар;

14) "Өзгерістер" - Шартқа қол қойылғаннан кейін Тапсырыс беруші берген өзгерістер ;

15) "Ақау" - Шарт талаптарын бұзушылықтармен орындалған жұмыстардың бірі бөлігі ;

16) "Кемшіліктер мен ақауларды жою кезеңі" - жұмыстардың орындалуын тексерулердің барысында анықталған кемшіліктер мен ақауларды жою кезеңі.

4. Төменде санамаланатын құжаттар және оларда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1 ) О с ы Ш а р т ;

2) шарт нысанасы/сатып алынатын жұмыстар тізбесі;

3) техникалық мамандануы;

4) Шартты орындауды қамтамасыз ету (бұл тармақша конкурстық құжаттамада Шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу көзделген жағдайда көрсетіледі) ;

5) жобалау-сметалық құжаттама/жұмыс сызбалары (сызбалардың нөмірлері мен олардың күндері көрсетіледі).

Құжат	Атауы	Нөмірі және күні
-------	-------	------------------

6) Толықтырулар (мұндайлар бар болса):

Құжат	Атауы	Нөмірі және күні
-------	-------	------------------

7) Өзге де құжаттар (Тапсырыс беруші Шарттың құжаттарына енгізгісі келетін қосымша құжаттар көрсетіледі)

5. Мердігер осы Шартта көзделген барлық жұмыстарды орындауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

6. Шарт мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жасалады. Шарттың екінші тарабы шетелдік ұйым болған жағдайда, оның екінші данасы Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес сол тілге аударылуы мүмкін.

Шартты төрелік сотта қарау қажет болған жағдайда, Шарттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі даналары қаралады. Шартқа қатысты тараптар алмасатын барлық хат алмасу және басқа құжаттама осы ережелерге сәйкес  
б о л у ы т и і с .

7. Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдері Шарттың құқықтық нормалары болып табылады.

8. Объект құрылысының мәселелеріне қатысты Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы ресми қатынастың жазбаша түрде ғана күші бар.

9. Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің 2/3 аспайтын (мердігерліктің бағасы) Шарттар жасай алады, бірақ Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз үшінші тұлғаға Шартты бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы Шарттың қағидаларын өзгертпейді.

10. Учаскеде қосалқы мердігерлер болған кезде Мердігер олармен өз жұмыстарын үйлестіруі тиіс.

11. Тапсырыс беруші Мердігерге объектінің құрылысына (жөндеуіне, қайта құруына арналған) жобалау-сметалық құжаттаманы береді. ("Кілтімен беру" құрылыс салу шартында мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурс өткізілген кезде осы талап Шартта айтылуы тиіс).

12. Мердігер негізгі лауазымдарға Біліктілік туралы мәліметтерде көрсетілген қызметкерлерді жалдайды. Осы адамдарды басқаларға ауыстырған кезде, Мердігер осындай ауыстыруға Тапсырыс берушіден келісім алуы тиіс. Жаңа қызметкерлердің біліктілігі Біліктілік туралы мәліметтерде көрсетілген қызметкерлердің біліктілігімен бірдей немесе одан жоғары болуы тиіс.

13. Егер Тапсырыс беруші, бұл ретте себептерін көрсете отырып, Мердігерден Мердігер немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын тұлғаны Объектідегі жұмыстарды орындаудан шеттетуді өтінсе, Мердігер 72 сағаттың ішінде құрылыс объектісінен осы тұлғаны шеттетіп тастауға міндетті, содан кейін бұл тұлға осы Шарт бойынша жұмыстардың орындалуына қатысты ешқандай байланысы болмауы тиіс.

14. Мердігер залалдарға немесе Тапсырыс берушінің мүлкіне, өз қызметкерлерінің жеке меншігі мен денсаулығына зиян келтірілуіне, сондай-ақ өз қызметкерлерінің қаза болуына, Шартты орындау барысында және оның салдарынан туындайтын зардаптарға байланысты барлық тәуекел үшін жауап б е р е д і .

15. Тәуекелдің айрықша түрлері үшін, атап айтқанда: соғыс, көтеріліс, революция, азамат соғысы, бүлік, тәртіпсіздік тәуекелі (егер оған Тапсырыс берушінің қызметкерлері қатысса) үшін Тапсырыс беруші жауапты. Мердігер анықтаған және конкурстық құжаттамада көрсетілмеген топырақтың улы және



жарылғыш заттармен зақымдалуы және осы анықталғандар жұмыстардың тікелей орындалуына ықпал етсе, осылар да Тапсырыс берушінің тәуекелі болып т а б ы л а д ы .

16. Мердігер ақауларды жою кезеңін қоса алғанда, жұмыстардың басталу күнінен бастап жұмыстардың толық аяқталуына дейінгі кезеңге Тапсырыс беруші мен Мердігердің атына сақтандыру өтеуін қамтамасыз етеді.

Сақтандыру объектілері және сомалары \_\_\_\_\_

(жабдықтарды беруді сақтандыру,

\_\_\_\_\_ адамдарды және с.с. сақтандыру)

17. Сақтандыру полистері мен сертификаттары жұмыстардың басталу күніне дейін бекіту үшін Мердігер Тапсырыс берушіге ұсынуы тиіс.

18. Егер Мердігер талап етілетін сертификаттарды ұсынбаса, Тапсырыс беруші Мердігер қамтамасыз етуі тиіс және осы шығыстарды Шарттың құнынан ұстауы тиіс болатын сақтандыруды жүргізуі мүмкін.

19. Мердігер Тапсырыс берушінің келісімінсіз сақтандыру шартына ешқандай өзгеріс жасауға тиіс емес.

20. Тараптардың екеуі де сақтандыру полистерінің барлық шарттарын сақтауы тиіс.

21. Тараптардың әрқайсысы олардың бірлескен іс-әрекеттерінің немесе олқылықтарының нәтижесі болып табылатын зияндар, шығыстар және залалдар, денсаулыққа зиян келтіру және адамдардың қаза табуы үшін жауап береді және оларды басқа тарапқа өтейді.

22. Мердігер Объектідегі жұмыстарды жүргізудің техникалық қауіпсіздігі үшін толық жауап береді.

23. Участкеде табылған тарихи немесе басқа да мүдделілік пен құндылығы бар кез келген олжа Тапсырыс берушінің меншігі болып табылады. Мердігер осындай олжа туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуі және оларды акті бойынша Тапсырыс берушіге тапсыруы тиіс.

24. Тапсырыс беруші Мердігерге Объектінің құрылысына бөлінген бүкіл Участкені пайдалануға рұқсат етеді. Егер Участкенің бір бөлігі құрылысқа Шарттың Ерекше жағдайларында көрсетілген Участкені беру күніне берілмесе және осы себепті жұмыстардың орындалуы кідірілсе, мұндай жағдайда Тапсырыс беруші осы Участкенің берудің кідірілген мерзіміне жұмыстардың аяқталу мерзімін ұзартуы тиіс.

25. Тапсырыс беруші немесе оның өкілетті тұлғасының, сондай-ақ жобалық-сметалық құжаттама авторларының Шарт бойынша жұмыстар орындалып жатқан немесе орындалатын Участкеге немесе кез келген басқа да орынға кіруге қашанда рұқсаты болады.

26. Егер Тапсырыс беруші қабылдаған шешімді Мердігер Шарт талаптарының шеңберінен шығып кетті деп санаса, Тапсырыс беруші осы шешімді қабылдағаннан кейін бұл шешімге сотқа шағым берілуі мүмкін.

27. Тапсырыс беруші мен Мердігер Шарт бойынша олардың арасында туындаған немесе оған байланысты барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей ресми емес келіссөздердің барысында шешуге барлық күш-жігерлерін салулары тиіс.

28. Егер осындай ресми емес келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күннің ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша бейбіт жолмен дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы мәселені шешуді талап етуі мүмкін.

29. Егер Мердігер шарттық құжаттамалардың талаптарын бұза отырып орындалған жұмыстарды түзету жөнінде өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ егер Мердігер жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес жұмысты соңына дейін орындауға қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші тоқталу себептері жойылғанға дейін жұмыстардың тұтас немесе оның бір бөлігінің тоқтатылуы туралы Мердігерге жазбаша нұсқамамен өкім етуі мүмкін.

30. Егер Мердігер жұмысты түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе (оны жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес келтіру) және бұл туралы Тапсырыс берушіден жазбаша ескертулер алғаннан кейін жеті күннің ішінде жазбаша немесе іс-қимыл жасалуымен жауап бермесе, Тапсырыс беруші көрсетілген жеті күндік мерзімі өткеннен кейін өзінің талабын қайталауға құқығы бар. Егер Мердігер келесі жеті күндік мерзімнің ішінде көрсетілген ақауларды жөндей алмайтын жағдайда болса, Тапсырыс беруші ықпал етудің басқа да әдістерін қолдануға өз құқығынан бас тартпай, осы жұмысты өз күшімен орындауы мүмкін. Мұндай жағдайда Өзгерістер туралы тиісті бұйрық шығарылады, оның негізінде төлеуге жататын сомадан немесе Мердігерге төлеуге арналған сомадан жобалаушының қосымша қызметтері үшін өтемақыларды және басқа да мәжбүрлі шығындарды қоса алғанда, көрсетілген Ақаулардың түзету құны шегеріледі. Егер Мердігерге төленуі тиіс сомалар көрсетілген шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, Мердігер өз қаражатынан Тапсырыс берушіге айырмасын төлеуге міндетті.

31. \_\_\_\_\_ мерзім ішінде Мердігер Тапсырыс берушіге жұмыстардың жүргізу кестесін бекітуге береді, онда Объектінің құрылысы бойынша жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ оның конкурстық өтініміне сәйкес Тапсырыс беруші тарапынан төлемдерді жасау кестесі жазылады.

32. Егер форс-мажорлық мән-жайлар немесе ауытқулар орын алса, жұмыстарды орындау үшін қосымша мерзімдер талап етілсе, сондай-ақ егер

жұмыстарды орындау процесінде қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын Ақаулар анықталса, Тапсырыс беруші оларға өзі ұсынған жұмыстардың орындалу мерзімін ұзартады. Бұл ретте Мердігер азаматтық заңнамада көзделген рәсімдер сәйкес Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуі тиіс.

33. Мердігер білімін және барлық бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жұмысты бақылауға және жүргізуге міндетті. Мердігер жұмыстардың орындалу құралдарына, әдістеріне, техникасына, кезектілігіне және сапасына бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ Шарт бойынша барлық жұмыстарды үйлестіруге толық жауап береді.

34. Мердігер өз қызметкерлерінің, Қосалқы мердігердің, Қосалқы мердігердің қызметкерлерінің және сенімді тұлғаларының, сондай-ақ Мердігермен жасалатын шарттың негізіндегі Шарт шеңберінде жұмыстардың бір бөлігін орындайтын басқа да тұлғалардың іс-әрекеттері мен олқылықтары үшін Тапсырыс берушінің алдында жауап береді.

35. Тапсырыс беруші жұмысты немесе конструкцияны тексеру үшін сынақ жүргізе алады. Егер тексеруден кейін тексерілген жұмыс немесе конструкция ақаулы болып табылса, Мердігер жұмыстардың Ақауын түзетеді және конструкцияны ауыстырады.

36. Тапсырыс беруші Ақаулардың түзету мерзімін көрсете отырып, табылған кез келген Ақаулар туралы Мердігерді жазбаша хабардар етеді.

37. Ақаулар туралы хабарлама алғаннан кейін Мердігер Тапсырыс беруші көрсеткен уақыт кезеңінің ішінде Ақауды жоюға міндетті.

38. Төлеу нысаны \_\_\_\_\_

(аудару, қолма-қол есеп айырысу үшін, аккредитив және с.с.)

39. Төлемдердің түрлері және мерзімдері \_\_\_\_\_

(төлемдер мен оларды төлеудің

\_\_\_\_\_ мерзімдері көрсетіледі: аванстық төлем, ағымдағы төлемдер, түпкілікті төлем)

40. Төлеу алдындағы қажетті құжаттар: \_\_\_\_\_

(шот-фактура немесе орындалған

\_\_\_\_\_ жұмыстарды қабылдау-тапсыру актісі немесе с.с.)

41. Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_ сомада Мердігерге аванстық төлемді (алдын-ала төлеуді) төлеуі мүмкін. Мердігер төленген авансты тек қана осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін талап етілетін материалдарды, жабдықтарды және жалақыны төлеуге пайдалануы тиіс.

42. Тапсырыс беруші аванстық төлемдерді жүзеге асырған жағдайда, ай сайынғы төлемдер \_\_\_\_\_ мөлшерде аванстық төлемдердің сомасынан шегерім жасалып, түзетіледі. Төлемдер мерзімі \_\_\_\_\_

43. Егер Тапсырыс беруші Шартта көрсетілген мерзімдерде оған тиесілі соманы Мердігерге төлемесе, онда мұндай жағдайларда ол мерзімі өткен әрбір күн үшін \_\_\_\_\_ мөлшерде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық төлемін Мердігерге төлейді. Тұрақсыздық төлемін төлеу мынадай төлемдермен бірге жүргізіледі. Тұрақсыздық төлемінің пайызы төлем жүргізілуі тиіс күннен бастап есептеледі, соңғы төлем жүргізілген күнмен аяқталады.

44. Мынадай оқиғалар жұмыстың ұзақтығы мерзімдерін өзгертуге немесе Мердігерге ақшалай өтемақы төлеуге әкеп соқтырады:

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға рұқсат етпейді, бұл жұмыстардың орындалуын кідіртеді. Мұндай жағдайда Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша жұмыстардың орындалу мерзімін ұзартуға міндетті;

2) Тапсырыс беруші Шартта жоспарланбаған сынақтарды өткізу үшін жұмыстарды тоқтатуға Мердігерге нұсқау береді. Егер осы сынақтар қандай да бір Ақауларды көрсетпеген жағдайда, сынақ жүргізу үшін жұмыстар тоқтатылған уақыты Шарттық жұмыстардың орындалу мерзіміне қосылады;

3) аванстық төлем кідірілсе;

4) объектіде бірнеше мердігерлер болған кезде басқа мердігерлер үшін Тапсырыс беруші жасаған Жұмыс кестесі осы Шарт бойынша Мердігер жұмысының орындалу мерзіміне теріс әсер етеді.

Өтемақының сомасы мердігермен келісімделеді.

45. Тапсырыс беруші Мердігерге тиесілі әрбір төлемнен барлық жұмыстар аяқталғанға дейінгі орындалған жұмыстардың 10% сомасында қаражаттың бір бөлігін ұстап қалады.

46. Ұсталған сома Мердігерге тек барлық жұмыс аяқталғаннан және кемшіліктер мен Ақаулардың тізбесі жойылғаннан кейін ғана төленетін болады.

47. Мердігер Тапсырыс берушіге шарт бойынша берілетін материалдар мен жабдықтың сапасы жақсы және жаңа болатынына, жұмыс жобалық-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін деңгейге дейін оның сапасын төмендететін ақауларсыз орындалатынына, жұмыс құрамы жобалық-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетіндігіне кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткіліксіз негізделмеген және рұқсат берілмеген өзгерістері бар жұмыс ақаулы болып табылады. Мердігер ұсынатын кепілдікке Мердігер жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерінің бұзылу себебі бойынша, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ оны дұрыс пайдалану кезінде жол берілген тозу немесе жабдықты

бүлдіру себебі бойынша зиянды өтеу немесе Ақауды түзету енгізілмейді. Тапсырыс берушінің талаптары бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтардың сапасын растайтын Құжаттарды беруі тиіс.

48. Тапсырыс беруші немесе Мердігер, Егер екінші басқа тараптан Шартта көзделген оның принциптік қағидаларын бұзатын Шарттың елеулі түрде бұзылуы орын алған болса, Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза а л а д ы .

49. Шарттың елеулі түрде бұзылуы мыналарды қамтиды, бірақ санамаланғандармен шектелмейді:

1) Егер Мердігер жұмыстардың Орындалуы кестесінің мерзімін бірнеше мәрте бұзатын болса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

2) Мердігер \_\_\_\_\_ күндер саны дейінгі мерзімге жұмыстарды тоқтатса, оның үстіне тоқтатуға Тапсырыс беруші тарапынан рұқсат е т і л м е с е ;

3) Мердігер Тапсырыс беруші анықтаған негізделген уақыт кезеңінің ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен Ақауларды жоймаса;

4) Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстардың барысын кідіртуге нұсқау берсе, және де мұндай нұсқау \_\_\_\_\_ күндер санының ішінде к ү ш і н ж о й м а с а ;

5) не Тапсырыс беруші, не Мердігер оның қайта ұйымдастырылуын немесе біріктірілуін қоспағанда, қандай да болмасын себептер бойынша банкроттыққа ұ ш ы р а с а н е м е с е т а р а т ы л с а ;

6) Тапсырыс беруші сома расталған күннен кейінгі \_\_\_\_\_ күндер ішінде Тапсырыс берушінің Техқадағалаушысы растаған соманы М е р д і г е р г е т ө л е м е с е ;

7) Мердігер жобалық құжаттамада және шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу ережелеріне, нұсқаулықтарына және Ережелеріне мән б е р м е с е .

50. Егер Шарт бұзылса, Мердігер жұмыстарды дереу тоқтатуы, Объектінің сақтауға қойылуын және оны Тапсырыс берушіге белгіленген тәртіппен тапсыруды қамтамасыз етуі тиіс.

51. Егер Шарт Мердігердің Шартты елеулі түрде бұзуына байланысты бұзылса, Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің аванстары мен жаңа Мердігердің таңдау шығындарын шегеріп тастағаннан кейін іс жүзінде орындалған жұмыстар үшін қалған сомаларды Мердігерге төлейді. Егер Шарттың бұзылуына байланысты Тапсырыс беруші шығындарының жалпы сомасы Мердігерге тиесілі жалпы сомадан асып түссе, айырма Тапсырыс берушіге төленуге тиіс борышты құрайды.

52. Тапсырыс беруші кез келген уақытта оның одан әрі орындалуын

Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, орынсыз екендігіне байланысты Шартты бұза алады. Хабарламада Шарттың бұзылу себебі көрсетіледі, Шарттың күші жойылған жұмыстарының көлемі, сондай-ақ Шарт оның бұзылуы күшіне енгізілетін күні келісіледі.

53. Мұндай жағдайларда Тапсырыс беруші барлық орындалған жұмыстардың, сатып алынған материалдардың құны үшін, Объектіден машиналар мен механизмдерді әкетуге жұмсалатын шығындарға және Объектінің сақтауға қою құны үшін ақы төлеуді жүргізеді.

54. Шарттың осындай мән-жайларға байланысты күші жойылса, Мердігер Шарт бойынша бұзылуға байланысты тек іс жүзіндегі шығыстар үшін бұзылу күніне ғана ақы төлеуді талап етуге құқығы бар.

55. Объектіде тұрған барлық материалдар мен Жабдықтар, сондай-ақ уақытша құрылыстар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және егер Шарт Мердігердің Шарттың қағидаларын елеулі түрде бұзуы себебі бойынша бұзылса, Шарттың бұзылуымен байланысты қаржылық анықтаулар шешілгенге дейін оның иелігінде болады.

56. Егер Тапсырыс беруші немесе Мердігер бақылауы мүмкін емес дүлей зілзала, әскери іс-қимылдар немесе қандай да бір басқа да форс-мажорлық оқиға Шарттың орындалуын бұзса, Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатылуын куәландырады. Мердігер қысқа мерзімде тоқтату туралы хабарлама алғаннан кейін Объектінің сақтауға қойылуын қамтамасыз етеді және жұмыстарды тоқтатады. Тапсырыс беруші Объектіні тоқтату күніне дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін және Объектіні сақтауға қойылуына байланысты жұмыстар үшін Мердігерге ақы төлеуді жүргізеді.

57. Мердігер жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлыққа және өзге де себептерге байланысты залалдың, зақымданудан, жойылуын, қараудың барлық түрлерінен орындалған жұмыстарды және барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстар мен өзге де жұмыстарға байланысты тұрған қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер өз жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және де жолдарды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын әрі жылжымалы және жылжымайтын мүліктердің өзге де түрлерін қоса алғанда, (бірақ осымен шектелмей) зақымданудың қандай да бір түрлерінен немесе басқа да себептерден оған тиесілі ғимараттарды қорғауды қамтамасыз етуі тиіс. Жоғарыда айтылғандарға байланысты Мердігер шеккен барлық шығындар Тапсырыс беруші тарабынан қосымша өтеуге жатпайды.

58. Тапсырыс беруші жоғарыда айтылған себептер бойынша олардың толық аяқталуына және қабылдауына дейін Мердігер жұмыстарының қандай да болмасын залалдары немесе қандай да болмасын зақымданулары үшін жауап

бермейді және Мердігер жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде туындаған қандай да болмасын залалдың, қандай да болмасын зақымданулардың және өзге де ақаулардың барлық түзетулерін қосымша өтеусіз жүзеге асырады.

59. Мердігер Объектіге жеткізілуі тиіс барлық Мердігер беретін материалдар мен жабдықтарды жеткізуді, тасымалдауды, түсіруді және сақтауды ұйымдастыру үшін жауап береді. Жеткізілетін өнім тек қана Мердігердің атына жүзеге асырады. Ешқандай жағдайда Тапсырыс беруші жеткізуге, өңдеуге, сақтауға және көлік құралдарының бос тұрып қалуына ақы төлеуге байланысты шығыстар үшін жауап беруге тиісті емес. Ешқандай да жеткізулер Тапсырыс берушінің атына бағытталуы тиіс емес.

60. Мердігер Учаскедегі материалдар мен жабдықтарды алу кестесін Тапсырыс берушіге ұсынады. Сақтау, қалап немесе текшелеп жинау үшін тек Тапсырыс беруші рұқсат еткен учаскелер пайдаланылуы мүмкін. Егер Мердігер жүк түсіруді және өз материалдары мен жабдықтарын сақтауды кідірткен жағдайда және егер мұндай кідіріс тұтас алғанда, жұмыстарды жүзеге асыруға нұқсан келтірсе, Тапсырыс беруші Мердігер есебінен жүк түсіруді және Мердігердің материалдары мен жабдықтарын сақтауды жүзеге асыра алады (бірақ мұны істеуге міндетті емес). Егер осындай жүк түсіруді немесе сақтауды Тапсырыс беруші жүзеге асырған жағдайда жоғарыда аталған зиян немесе зақымдануға байланысты барлық тәуекелді Мердігер өз мойнына алады.

61. Тапсырыс беруші беретін материалдар мен жабдықты Тапсырыс беруші мен Мердігер бірлесіп қабылдайды және тексереді. Құрылыс алаңындағы жүкті түсіруді Мердігер жүзеге асырады. Осындай қабылдау Мердігер дайындайтын қабылдау туралы жазбаша құжатпен куәландырылуы тиіс. Кез келген кемалым немесе зақымдану осындай материалдар мен жабдыққа сәйкес қабылдау туралы осындай жазбаша құжатта анық көрсетіліп, тіркелуі тиіс. Осындай материалдар мен жабдықтарды қабылдағаннан кейін Мердігер осындай материалдар мен жабдықтарды өңдеу және сақтау үшін толық жауап береді және де жоғарыда көрсетілгендер жойылған немесе зақымдалған жағдайда толық жауап береді. Мердігер өз жұмыстарын аяқтағаннан кейін қалған кез келген материалдар немесе жабдықтардың артылғанын Тапсырыс берушіге қайтаруы тиіс.

62. Егер Шартта Тапсырыс берушінің материалдарды немесе жабдықтарды жеткізіп беруі көрсетілсе, Мердігер оларды жеткізіп беру үшін қажет болуы мүмкін мерзімдер туралы Тапсырыс берушіні алдын ала хабардар етуі тиіс. Бұл мерзімдер Мердігер жұмысының кестесінде көзделуі тиіс.

63. Егер осы Шартқа сәйкес Тапсырыс беруші осы Шартта көзделген жұмыстарды орындау үшін негізделген мөлшерде электрмен және сумен жабдықтауға тиіс болса, Мердігер Тапсырыс беруші белгілеген қосу нүктелерінен қосу үшін және су мен электр энергиясын бөлу үшін жауап береді.

Осы қызметтерді қамтамасыз етуде орын алған үзілістер жұмыстың ұзақтығы мерзімін өзгерту үшін негіз болып табылады.

64. Мердігер Учаске аумағын тазалықта ұстайды. Мердігер Учаскеден барлық құрылыс қоқысын шығаруға және Учаскені жедел тәртіпке келтіруге міндетті.

65. Егер Мердігер Учаскені тазалықта ұстауға шамасы келмеген жағдайда, оны осы Шарт талап етілгендей Тапсырыс беруші шығыстарды Мердігер есебіне жатқыза отырып, осы жұмысты орындауы мүмкін.

66. Мердігер Шартта келісілген барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін жұмыстардың аяқталуы туралы Тапсырыс берушіге хабарлама жібереді. Тапсырыс беруші жеті күн мерзімнен кешіктірмей Шартқа сәйкес жұмыстардың аяқталуын бағалау жөніндегі комиссияны (Жұмыс комиссиясын) белгілейді.

67. Жұмыс комиссиясы Мердігердің қатысуымен жүргізіледі.

68. Жұмыс комиссиясы актісінің күні Жұмыстардың аяқталу күні болып саналады.

69. Жұмыс тобы кемшіліктердің тізбесін жасайды және оларды жою мерзімін көрсетеді. Кемшіліктерді жою күні Шарттың аяқталу күні болып табылады. Барлық кемшіліктерді жою фактісі пайдалануға Объектіні түпкілікті қабылдаудың Актісін (Мемлекеттік комиссия актісі) анықталады.

70. Егер Мердігер Шартта келісілген мерзімде жұмыстарды орындамаса, Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде басқа да өз құқықтарына нұқсан келтірмей \_\_\_\_\_ тұрақсыздық айыбы сомасы түрінде оны Шарт құнынан шегеріп тастайды.

71. Жұмыстардың басталу мерзімі осы Шарттың күшіне енген күні (немесе осы күн Шартта анықталады) болып саналады.

72. Мердігер жұмыстар басталғаннан кейін (күндердің саны көрсетіледі) күнтізбелік күннен кешіктірмей осы Шарт бойынша жұмыстардың барлық түрлерінің аяқталуын қамтамасыз етуге міндеттеме қабылдайды.

73. Тапсырыс беруші осы Шартта айтылған соманы осы Шарт бойынша жұмыстардың көлемі үшін Мердігерге ақы төлеуге міндеттеме қабылдайды.

74. Мердігер орындаған жұмыстардың сомасынан ай сайын (немесе басқа кезең көрсетіледі) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар құнының 10 %-ын ұстайды, ол Тапсырыс берушіге барлық жұмыстар орындалған әрі кемшіліктер мен ақаулардың тізбесін жойғаннан кейін төленеді (бұдан әрі - Түпкі төлем).

75. Осы Шарт бойынша түпкілікті төлем жасауды Мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерді және Ақауларды түзету жөніндегі оның барлық міндеттемелерін орындалған кезде Тапсырыс беруші жүргізеді.

76. Осы Шартта белгіленген тәртіппен Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында келісілген өзге де айыппұл санкциялары немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қағидалар көзделуі



м ү м к і н .

77. Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және қағидаларда енгізуге міндетті. (егер мұндай қамтамасыз ету конкурстық құжаттамада көзделсе).

78. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органында тіркегеннен кейін (мемлекеттік органдар мен мекемелер үшін) және Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін (егер мұндай қамтамасыз етуді енгізу конкурстық құжаттамада көзделсе) күшіне енеді.

79. Тараптардың мекен-жайлары және деректемелері:

Тапсырыс беруші	Мердігер
_____	_____
(толық атауы)	(толық атауы)
_____	_____
(мекен-жайы)	(мекен-жайы)
_____	_____
(телефон, факс)	(телефон, факс)
_____	_____
(Тегі, аты-жөні)	(Тегі, аты-жөні)
_____	_____
(ҚОЛЫ)	(ҚОЛЫ)
_____ ЖЫЛҒЫ " _____ "	_____ ЖЫЛҒЫ " _____ "

М.О.

М.О.

Қазынашылықтың аумақтық органында тіркелген күні (мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер үшін): \_\_\_\_\_

Осы Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шарт (бұдан әрі - Шарт) жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды Тапсырыс беруші жүзеге асыру процесінде Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді. Тапсырыс беруші осы Шартты пайдалана отырып, конкурс қорытындысы туралы хаттаманың негізінде жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттың өз жобасын әзірлеуі тиіс. Бұл ретте осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамасына, Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына, Мердігердің конкурстық өтініміне және Конкурс қорытындысы туралы хаттамаға сәйкес болуы тиіс. Шартта көлбеу сызықпен бөліп көрсетілген түсіндірулерді Тапсырыс беруші толтыруы тиіс.

Ү л г і к о н к у р с т ы қ  
құжаттамаға 9-қосымша

*Ескерту: 9-қосымшамен тоылтырылды - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 80 бұйрығымен .*

**Қызметкерлердің болуы мен саны туралы құжат\***

Ретт. N	Мамандық тардың тізімі	Саны	Осы конкурста сатып алынатын тауарларды шығару/жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) саласындағы жұмыс стажы	Диплом, куәлік және басқа да білім туралы құжаттар бойынша біліктілік, тілігі (мамандығы)	Лауазымы
1	Мысалға: инженерлер (құрылыста)	7 жыл 3 жыл	Инженер-құрылысшы Инженер-экономист	Учаске бастығы Менеджер	
		8 жыл	...	...	
		2 жыл	...	...	
		6 жыл	...	...	
	Жиынтығы: 5	28 жыл	-	-	
2	электриктер	5 жыл	...	...	
		4 жыл	...	...	
		3 жыл	...	...	
		2 жыл	...	...	
	Жиынтығы: 4	14 жыл	-	-	
3	заңгер	5 жыл	Юрист-құқықтанушы	Заңгер	
	Жиынтығы: 1	5 жыл	-	-	
4	Басқа да мамандықтар	...	...	...	
		...	...	...	
		...	...	...	
	Жиынтығы: 15	...	-	-	
5	Барлығы:				25 адам

\* ықтимал өнім беруші осы конкурс (лот) бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажет деп есептейтін жұмысшыларды көрсетеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ